




137 шақырым  
жол жаңарады



Инклюзия  
инфрақұрылымының  
игілігі



Магомадовтың  
«кола дәуірі»



2-бет

4-бет

8-бет

РЕСМИ

## Бақылау күшейтілді

Әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесіндегі негізсіз шығындар мәселесі қоғамда жиі көтеріліп жүр. Бюджет қаражатының тиімді жұмсалуды – бүгінгі күннің басты талаптың бірі. Осы бағытта мемлекет нақты қадамдарға көшіп, жүйені цифрландыру арқылы қаржылық тәртіпті күшейтуді қолға алуда.

2026 жылғы 14 сәуірде өткен Үкімет брифингінде Қаржы вице-министрі Ержан Биржанов әлеуметтік медициналық сақтандыру саласындағы шығындарды онтайландыру бойынша жоспарлармен бөлісті. Оның айтуынша, басты назар цифрландыруға аударылып отыр.

Бүгінде Денсаулық сақтау және Қаржы министрліктерінің деректер базаларымен біріктірілген «Qalqan» бірыңғай платформасы іске қосылған. Бұл жүйе қаржы ағындарын бақылауды күшейтіп, әрбір төлемнің негізділігін тексеруге мүмкіндік береді. Бірнеше ақпараттық жүйемен ықпалдасу арқылы арнайы скоринг жүргізіліп, орынсыз төлемдердің алдын алу көзделген.

Қаржылық өкілеттіктерді орталықтандыру жұмыстары да басталған. Вице-министрдің айтуынша, Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры қазіргі уақытта реформалау кезеңінен өтуде.

Өз тілшімізден

## Арқа туризмінің ауқымы артады

Сарыарқаның сайын даласы биыл туристің тек қарсы алып қана қоймай, жаңа деңгейде таңғалдыруға ниетті. Қарағанды өңірі жанарған инфрақұрылым, заманауи сервис және батыл бастамалар арқылы ішкі туризмнің жаңа тынысын ашып, әр сапарды ұмытылмас әсерге айналдыруға әзір.

Ерқанат КЕҢЕСБЕКҰЛЫ,  
«Ortalyq Qazaqstan»

### Президент пәрмені

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Жасанды интеллект дәуіріндегі Қазақстан: өзекті мәселелер және оны түбегейлі цифрлық өзгерістер арқылы шешу» атты Қазақстан халқына Жолдауында туризм турасындағы түйткілдерге тоқталған еді.

– Мен шілде айында туристік жерлердің барлығын ретке келтіру туралы тапсырма бердім. Бұл жұмыс менің жеке бақылауымда. Жұрт жиі баратын демалыс орындарынан бөлек, болашағы зор басқа да бағыттардың әлеуетін арттыру маңызды. Міндеттердің ара-жігін ажыратып алған жөн. Жергілікті атқарушы органдар әрдайым туризм инфрақұрылымын жан-жақты дамытуға баса мән беріп, осы жұмысқа жауапты болады. ...Қазіргі таңда бұл бағыттағы ең өзекті мәселе – заманауи инфрақұрылым салу. Егер осы міндетті ойдағыдай орындасақ, еліміздің курорттары жер жүзіне танылып, Қазақстанның беткеуіс тарихи бренді



ТУРИЗМ

Қолыңды жазғың Арқадағы Көкелден

болмақ, – деді Мемлекет басшысы. Расында биыл Қарағанды облысы ішкі туризм әуесқойларының мөнінде таңғалдыруды ұйғарып отырғандай. Балқаш пен Қарқаралы аймақтары қонақтарың қол қусырмай қабылдауға қызу дайындық үстінде. Жаңа глемпингтер, заманауи жағажайлар, қолайлы жолдар, тіпті, жақсартылған мобильді байланыс мәртебелі меймандарды бейжай қалдырмай анық. Санамалап көрсек, жыл сайын тек Қарқаралы мемлекеттік ұлттық паркінің өзі 40

мыңға жуық адамды қабылдайтын көрінеді. Аудан аумағында жалпы сыйымдылығы 2,5 мың орыннан асатын 40-тан астам туристік нысан жұмыс істеп тұр. Өткен жыл қорытындысы бойынша туристер саны 8,3%-ға өскен. Ал, биылғы маусымда жаңа рекорд күтілуде.

### Турист тартатын өңір

– Туристік маусымға дайындық – облыстың имиджі мен инвестициялық тартымдылығын айқындайтын стратегиялық маңызы бар

бағыт. Туристерге ұсынылатын қызмет сапасы, нысандардың жайкүйі және инфрақұрылымның қолжетімділігі халықаралық талаптармен заманауи стандарттарға толық сәйкес болуы тиіс. Бұл – тек маусымдық шара емес, өңірдің бәсекеге қабілеттілігін арттыратын, тұрақты түрде жүргізілетін кешенді әрі жүйелі жұмыс. Қауіпсіздіктен бастап, сервисің сапасына дейін ерекше назарда болуы қажет, – деп атап өтті облыс әкімі Ермәғанбет Бөлекпаев.

Балқашта да даярлық жұмыстары

қызу жүріп жатыр. Шұбартубек, Торанғалық және Барковский жағажайлары жаңа кейіпке еніп келеді. Мұнда заманауи күнқағарлар, ыңғайлы киім ауыстыру кабинеттері, санитарлық модульдер, құтқару мұнаралары мен пирстер орнатылып жатыр. Курорттық аймақты рәсімдеуде бірыңғай стиль пайда болмақ. Демалыстың тек қызықты ғана емес, сонымен қатар, қауіпсіз болуы назардан тыс қалмайды.

3-бет

## Жүрек қалауы жаққан үміт

Биыл еріктілер қозғалысы айрықша назарға ие болып отыр. Бүгінде аймағымызда 4 мыңнан астам ерікті қоғам иегілігі үшін еңбек етуде. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Волонтерлік – азаматтық қоғамның ажырамас бөлігі» екенін атап өтіп, еріктілердің қоғамдағы рөлін жоғары бағалады. Бұл бастамалар өңірімізде жүйелі жұмыстар арқылы көрініс табуда.

Жамал СОВЕТҚЫЗЫ,  
«Ortalyq Qazaqstan»

Қарағанды облысында ерікті қозғалысы қоғамның маңызды әлеуметтік тіректерінің біріне айналған. Бүгінде өңірде 4 000-нан астам белсенді волонтер тіркелген, ал жалпы 75 еріктілер ұйымы мен топтары жүйелі түрде жұмыс істейді. Бұл көрсеткіштер аймақтағы азаматтық белсенділіктің жоғары екенін аңғартады. Дегенмен, соңғы үш жылда еріктілер саны айтарлықтай өзгермеген, бұл қозғалыстың тұрақты деңгейін білдіреді.

2024-2025 жылдары фронт-офистер арқылы жүзеге асқан жобалар еріктілер жұмысының ауқымын айқын көрсетеді. Әсіресе, экологиялық бағыттағы ба-



стамалар кең қолдау тапқан. «Таза Қазақстан», Balkhash Tour Fest және ROAD эко-стафетасы аясында 206-дан астам іс-шара өткізіліп, 4 435 адам қамтылды. Нәтижесінде табиғатты қорғауға бағытталған акциялар барысында мыңдаған килограмм қалдық жиналды. Мәселен, Balkhash Tour Fest кезінде 1 200 килограмнан астам, ал, ROAD акциясы барысында 860 кг қалдық тазартылған.

– Әлеуметтік және гуманитарлық бағыттағы жобалар да ерекше маңызға ие. «Забота рядом», «Ардагерім – ардағым», Meuigim жобалары аясында 276 іс-шара ұйымдастырылып, 3 028 адамға көмек көрсетілді. Оның ішінде, су тасқыны кезінде 130 тонна гуманитарлық көмек жеткізіліп, қарттарға арналған 350-ден астам іс-шара өткізілген. Бұл бастамалар еріктілердің тек ұйымдастырушылық емес, сонымен қатар,



адамгершілік миссиясын да айқындай түседі. Еріктілер қозғалысына мемлекет тарапынан да тұрақты қолдау көрсетілуде. 2024 жылы бұл салаға 142,6 млн теңге бөлінсе, 2025 жылы 68,6 млн теңге, ал, 2026 жылы 115,6 млн теңге қарастырылған. Сонымен қатар, 2025 жылы 8 млн теңге көлемінде грант бөлінсе, 2026 жылы әрқайсысы 2 млн теңгеден тұратын 25 грант ұсынылуда.

7-бет

### БАСПАСӨЗ-2026

#### ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАН!

Облыстық «Ortalyq Qazaqstan» газетіне 2026 жылдың ІІ жартыжылдығына жазылу науқаны жалғасуда. Күнделікті жаңалықтар, сараптамалық мақалалар, мәдениет пен спортқа арналған жарияланымдар – бәрі бір газетте.

Газетке жазылуды «Қазпошта» АҚ пошта байланысының барлық бөлімшелерінде, сондай-ақ Ермаков көшесі, 33 үй, 8-қабат мекенжайы бойынша редакцияда ресімдеуге болады.

«Ortalyq Qazaqstan» – ақпаратқа сенім, жаңалыққа жақын!

Санаттар	Баламалы жазылым	«Қазпошта» АҚ Қала (теңге)	«Қазпошта» АҚ Аудан/ауыл (теңге)
Кәсіпорындар мен ұйымдар үшін	6 айға 7600 теңге	6 ай 13 770,14	10 141,30
Жеке жазылулар үшін	6 айға 4000 теңге	6 ай 6 141,30	5 891,30

Анықтама телефоны: 41-26-85, 8-702-638-56-85, 8-705-902-04-05.

E-mail: ottdel.pochtovyy@bk.ru



Каспи QR арқылы жазылуға болады

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!  
«Ortalyq Qazaqstan» газеті редакциясында баспа бағасы бойынша (жеткізу қызметтерінің құнысыз) баламалы жазылу жүргізіледі.

# Өндірістегі экологиялық серпіліс

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев 2023 жылғы 1 қыркүйектегі «Әділетті Қазақстанның экономикалық бағдары» атты Қазақстан халқына Жолдауында экология мәселесіне айрықша тоқталып: «Өнеркәсіптік кәсіпорындар қоршаған ортаға келтіретін зиянды барынша азайтуы тиіс. Экологиялық талаптарды күшейтіп қана қоймай, жаңа, тиімді технологияларды кеңінен енгізу қажет», – деп атап өткен болатын. Мемлекет басшысының бұл тапсырмасы өндіріс пен ғылымды ұштастыра отырып, нақты жобалар арқылы жүзеге асып келеді. Соның бір айқын дәлелі – облыста қолға алынған газтазарту жабдықтарын өндіру жобасы.



Суреттер облыс әкімінің сайтынан

Салтанат ІЛІЯШ, «Ortalıq Qazaqstan»

Бұл бастама – өңіраралық әріптестіктің, ғылым мен өндірістің нәтижелі ықпалдастығының нақты көрінісі. Жобаның инжинирингтік орталығы Ақтөбе қаласында орналасса, негізгі өндірістік база Қарағандыда шоғырланған. Технологиялық шешімді Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті ғалымдары әзірлеген. Ал, жабдықты құрастырумен «ҚазЭнергоМашЭкология» ЖШС айналысады. Жоба мемлекеттік қолдауға ие болып, технологияның коммерцияландыруға арналған грантты Ғылым қоры бөлген.

Әзірлеме өзінің тиімділігін іс жүзінде дәлелдеп үлгерді. Өнеркәсіптік нысандардың бірінде енгізілгеннен кейін шығарындар құрамындағы шаң мен зиянды заттардың мөлшері шамамен 40 есеге дейін азайған. Бұл қоршаған ортаға түсетін салмақты айтарлықтай төмендетіп, кәсіпорындардың экологиялық талаптарға сәйкестігін арттыруға мүмкіндік береді.

«ҚазЭнергоМашЭкология» ЖШС директоры Юрий Мягков

тың айтуынша, басты мақсат – өндірістік шығарындарды қауіпсіз деңгейге дейін жеткізу. Біз өнеркәсіптік кәсіпорындарға арналған газтазарту жүйелерін әзірлейміз. Негізгі жабдық – жеңіл сүзгілер. Көмір жанған кезде атмосфераға таралатын күл мен зиянды бөлшектерді толық ұстап қалу – басты міндетіміз. Сонымен қатар, күкірт қосылыстары мен NO<sub>2</sub> секілді зиянды газдарды да тазартамыз, – дейді ол.

Өндірістің Қарағандыда орналасуы да кездейсоқ емес. Өңірдің өндірістік әлеуеті жоғары, білікті мамандар жеткілікті әрі логистикалық тұрғыдан тиімді. Кәсіпорында негізінен жергілікті кадрлар еңбек етеді, өндірісте отандық материалдар кеңінен пайдаланылады. Заманауи өндірістік база лазерлік кесу станоктары мен 3D технологияларымен жабдықталған. Ғылыми қауымдастық өкілдері бұл жобаның экономикалық



ПРЕЗИДЕНТ ТАПСЫРМАСЫН ОРЫНДАЙ ОТЫРЫП...

тиімділігін де ерекше атап өтеді. Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университетінің Металлургия және тау-кен ісі кафедрасының меңгерушісі, қауымдастырылған профессор Бағдауұл Уахитованың айтуынша, ұсынылған шешім сүзгілердің қызмет ету мерзімін ұзартып, сығылған ауаның шығынын азайтады. Соның нәтижесінде өнімнің өзіндік құны төмендейді.

– Бұл – ғылым мен өндірістің нақты синергиясы. Ең маңыздысы – отандық технологияның қалыптасуы. Мұндай жобалар импортқа тәуелділікті азайтып, еліміздің өндірістік әлеуетін арттырады, – дейді ғалым.

Бүгінде аталған технология Қазақстандағы бірқатар ірі өнеркәсіп кәсіпорындарында кезек-кезеңімен енгізілуде. Ол металлургия, энергетика және басқа да салаларда кеңінен қолданылып, өндірістің экологиялық қауіпсіздігін жаңа деңгейге көтеруге мүмкіндік береді.

Әлбетте, индустриясы қарқынды дамыған, ірі кәсіпорындар шоғырланған Қарағанды облысы үшін қоршаған ортаны қорғау мәселесі әрдайым өзекті. Өңірдегі өндірістік нысандардың экологиялық жүктемесін азайту, зиянды шығарындарды төмендету – мемлекеттік саясаттың басым бағытының бірі. Осы тұрғыда заманауи табиғат қорғау технологияларын енгізу ерекше маңызға ие.

● ӨЗЕКТІ

## Құжат қабылдау басталды

Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Мемлекеттік басқару академиясына құжат қабылдау басталды. Биыл талапкерлер үшін гранттар саны көбейіп, білім беру бағдарламалары кеңейтілді. Енді мемлекеттік қызметке бет бұрған жастар мен мамандарға жаңа бағыттар, қосымша мүмкіндіктер ұсынылып отыр.

Құжат қабылдау 1 сәуірде басталып, 1 маусымға дейін жалғасады. Биылғы қабылдау науқаны мазмұндық тұрғыдан жаңарып, талапкерлерге қойылатын талаптар мен ұсынылатын мүмкіндіктер айтарлықтай кеңейген.

Қарағанды облысы бойынша академия филиалының директоры Серікжан Байбосыновтың айтуынша, жаңа оқу жылында білім беру бағдарламаларының саны 12-ден 15-ке дейін көбейген. Жаңа бағыттар қатарында «Құқық» (ML), «Іскерлік әкімшілендіру» (EMBA) және «Цифрлық мемлекеттік басқару» (DDPA) бар. Бұл бағдарламалар қазіргі мемлекеттік басқару жүйесіне қажетті заманауи дағдыларды меңгеруге бағытталған.

Магистратура мен докторантура бағдарламаларына құжаттар admission.ara.kz ақпараттық жүйесі арқылы қабылданады. Мемлекеттік білім беру тапсырмасы бойынша магистратураға шамамен 200 адам, докторантураға 12 адам қабылданады. Сондай-ақ, үміткерлердің функционалдық еңбек өтілін анықтайтын комиссия құрылады, – деді спикер.

Білім беру мазмұны ғана емес, оқу мерзімдері де қайта қаралғанын айту керек. «Мемлекеттік саясат», «Халықаралық қатынастар», «Экономика» бағдарламалары бойынша оқу ұзақтығы 1,5 жылдан 2 жылға дейін ұлғайтылған. Бұл олардың ғылыми-педагогикалық бағытқа ауысуына байланысты. Ал, «MRD – Өңірлік даму» және «Адами ресурстарды стратегиялық басқару» бағдарламалары бойынша оқу мерзімі 1,5 жылға дейін ұзартылған.

Биылғы қабылдаудың маңызды ерекшелігінің бірі – талаптардың күшеюі. Атап айтқанда, «Мемлекеттік саясат» магистратурасына түсушілер үшін ағылшын тілін меңгергенін растайтын халықаралық сертификат міндетті талап ретінде енгізілген.

Құжаттарды тапсыру толықтай электронды форматта жүзеге асырылады. Талапкерлер мемлекеттік орган жолдамасын, жеке куәлік көшірмесін, диплом мен қосымшасын, ҚАЗТЕСТ немесе QAZAQ RESMI TEST сертификатын (кемінде В1 деңгейі), еңбек өтілін растайтын құжаттарды жүктеуі тиіс. Ал докторантураға түсушілер research proposal ұсынуы қажет.

Конкурстық іріктеу 5-19 маусым аралығында өтеді. Ол аналитикалық эссе жазу мен сұхбат кезеңдерінен тұрады. Алдын ала қабылдау нәтижелері 25 маусымда жарияланса, қорытынды шешімі 10 шілдеде белгілі болады. Оқу үдерісінде дәстүрлі түрде 1 қыркүйекте басталады.

Өз тілшімізден

# Кешенді тәсіл, сапалы нәтиже

«Таза Қазақстан» республикалық акциясы аясында қала билігінің өкілдері жұмыстың жаңа форматына ойысты. Ендігіде көшелер бұрнағдай бөлшектеп емес, бір мезгілде «бас-аяғымен» толық тазаланады. Облыс орталығынан басталған қанатқақты жобаның алғашқы нәтижелері қандай?

Ерканат КЕЦСЕКБЕКҮЛЫ, «Ortalıq Qazaqstan»

Мәселен, Жанғозин мен Абай көшелерінің қиылысында коммуналды қызметтердің бір мезгілде кешенді тазалау қағидатын айқындайтын көшпелі іс-шара өткен болатын. Ілкімді шараға Қарағанды қаласы әкімінің және қаланың барлық коммуналды қызметтерінің өкілдері дерлік қатысты. Көзайым жұртшылық әр тарапты мамандар шоғырының бір уақытта қалай жұмыс үйлестіргенін тамашалады. Көше қиылысын механикаландырылған әрі қолма-қол тазалау, қойқас шығару, жолдарды жуу, іргелес аумақтарды жинау жұмыстары қаз-қатар бір мезгілде жүргізілді. Мұндай тың тәсіл қалалық ортаны күтіп ұстаудың



тиімділігі мен сапасын едәуір арттыруға қолайлы. Бұдан соң Аханов пен Шәкіров көшелеріне кезек келеді. Одан әрі соны форматты мұқам қалаға тарату жоспарлануда.

Қалалық әкімдік өкілдерінің айтуынша, алғашқы учаскенің оң тәжірибесі алдағы уақытта Қарағандының басқа көшелерінде де кеңінен қолданылатын болады. Жаңа тәсілдің

артықшылықтары, технологиялық шешімдері және жұмысты кеңейту жоспарлары туралы Қазыбек би атындағы аудан әкімі Ералы Оспанов мырза оқиға орнында толығырақ айтып берді.

– Көріп тұргандарыңыздай, тазалық жұмыстары бір көшеге бірнеше рет қайта оралмас үшін бүгін қызметкерлер шоғыры құрап қалған ағаш бұтақтарын кесу, көше жарығын жөндеу

және техникалық қызмет көрсету, жиекжолды тазалаумен айналысады. Сонымен қатар, «Горкомтранс» мекемесінің өкілдері контейнерлік алаңдарды тазарту және дезинфекциялау жұмыстарын қоса жүргізуде. Жұмыстарды кідіріссіз жүргізу үшін полиция бөлімінің көмегімен көше учаскелері уақытша қоршалыды. Полиция қызметкерлері өз мәліметтік базалары арқылы



автокөлік иелерімен жедел байланыса шығып, тұрақ орындарын босатуды сұрайды. Тазалық аяқталған соң көліктер орнына қайтарылады. Бұл бір реттік акция емес. Жұмыстар тұрақты негізде жүргізіледі. Әр көшеге кешенді әрі сарабал қалыпта келеміз, – деп мәлімдеді Ералы Оспанов.

Белгілі болғандай, кәсіпкерлермен алдын ала келіссөздер жүргізілген. Дәмхана мен дүкен иелері таңғы сағат 9:30-дан бастап, өз аумақтарын тазалауға уәде берді. Бір шағын учаскені тазалауға шамамен екі-екі жарым сағат жұмсалады. Күннің қорытындысы бойынша әкімдік тарабы мердігерлердің жұмысын талдап, кестеге керекті түзету енгізеді. «Таза Қала» акциясы жалғасады. Қала билігінің өкілдері тұрғындар мен бизнес өкілдерін өз аумақтарын таза сақтауға үндейді.

Суретті түсірген Жангелді ӘБДІҒАЛЫМ

# 137 шақырым жол жаңарады

Қарағандыда жол жөндеу маусымы биыл бұрын-соңды болмаған ауқыма басталды. Қала көшелерінде 137 шақырым жол жаңартылып, оның 43,2 шақырымы толықтай қайта салынып, жаңғыртылады. Бұл – тек инфрақұрылымды жақсарту ғана емес, тұрғындардың күнделікті өмір сапасын көтеруге бағытталған маңызды қадам.

Салтанат ІЛІЯШ, «Ortalıq Qazaqstan»

Қаладағы автомобиль жолдарының жалпы ұзындығы – 923 шақырым. Соңғы жылдары жүйелі жүргізілген жұмыстардың нәтижесінде олардың 85 пайызы нормативтік жағдайға жеткізілген.

Биылғы маусымда негізгі күш ірі жобаларға бағытталған. Атап айтқанда, С.Мұқанов көшесінде жаңа магистраль құрылысы жалғасады. Жоба аясында «Династия» тұрғын үй кешенінен Восток-5 шағынауданына дейін қосымша 5 шақырым жол салынады. Бұл бағыт қаладағы көлік қозғалысын едәуір жеңілдетуге мүмкіндік бермек.

Одан бөлек, Приканальная және Университет көшелерінде, Гапеев көшесіне

дейінгі учаскелерде құрылыс жұмыстары қарқынды жүріп жатыр. Бауыржан Момышұлы көшесінде Камали Дүйсембеков көшесіне дейінгі аралық асфальтталып, абаттандырылады. Бұдан бөлек, А-17 автожолын қайта жаңғырту жұмыстары басталмақ.

Орташа жөндеу бағдарламасы да назардан тыс қалған жоқ. Алғашқы кезеңде Тәттімбет, Московская, Қазақстанская, Бирюзов көшелерінде, сондай-ақ, Спасск тасжолында, Сахалин және Курьяновка кенттерінде жұмыстар жүргізілуде. Бұл жобалар қаланың екі ауданын да, жеке секторды да қамтып отыр.

Жолдардың қазіргі жай-күйін сақтау үшін жөндеу жұмыстары тұрақты түрде жүргізіледі. Биыл қиыршық тас төсеу, жолды тегістеу және 24 мың шаршы



метр аумақта шұңқырларды жою жоспарланған. Бұл шаралар жол сапасын жақсартып қана қоймай, көлік қозғалысының қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бағытталған. Көпір құрылыстары да назардан тыс қалмаған. Бұқар жырау даңғылындағы



жол өтпесінде заманауи материалдарды қолдана отырып, деформациялық жіктерді жөндеу жұмыстары жүргізілуде. Бұл көпірдің ұзақ мерзімді қызмет етуіне және қозғалыс қауіпсіздігіне оң әсер етеді.

Қала әкімдігінің мәліметінше, қазіргі таңда жалпы ұзындығы 276 шақырымды құрайтын 149 жол учаскесі кепілдік мерзімінде тұр. Жақын арада арнайы комиссия олардың жағдайын тексеріп, анықталған ақауларды жою жұмыстарын қолға алады.

Суретті түсірген Жангелді ӘБДІҒАЛЫМ

# Арқа туризмінің ауқымы артады

(Соңы. Басы 1-бетте)

Облыс аумағында су жағасындағы жаппай демалыс үшін ресми түрде 149 орын белгіленген. Әрбір коммуналдық жағажайда құтқару бекеттері, алғашқы көмек бекеттері мен медициналық сүйемелдеу жұмыс істейді.

Жол бойындағы сервис те жоғары деңгейді талап етеді. Облыстың республикалық трассаларында жанармай бекеттерінен бастап, кемпингтер мен дәмханаларға дейін 105 нысан қызмет көрсетеді. «Астана-Балқаш» және «Қарағанды-Қарқаралы» сияқты танымал бағыттардағы нысан атаулысының бәрі тәулік бойы жұмыс істейді. Тіпті, электромобильмен саяхаттайтындар үшін электр қуаттағыштары да орнатылды. Жанармай қоры жеткілікті. Мамандар жағдайды күн сайын қадағалайтын әрі кезек пен тапшылық болмайтынына сендіреді.



Әлбетте, заманауи қолайлы шарттар да ұмыт қалмады. Балқаш пен Қарқаралының туристік аймақтарында жаңа байланыс мұнаралары орнатылып, ескілері болса, жаңғыртылуда. Бұл ең көрікті жерлерден әдемі суреттерді әлеуметтік желіге кедергісіз жүктеп, саяхатшылардың жақын-жуығына қонырау шалу үшін жасалуда.

Visit Karaganda туристік орталығы өкілдерінің тарапынан ыңғайлы портал мен чат-боттар іске қосылып, блогерлермен және туроператорлармен белсенді жұмыс жүргізілуде. Өңір интернет кеңістігінде сенімді түрде ілгерілеп, тек қазақстандықтарды ғана емес, шетелдік қонақтарды да қабылдауға әзір.

**Жыл сайын тек Қарқаралы мемлекеттік ұлттық паркінің өзі 40 мыңға жуық адамды қабылдайтын көрінеді. Аудан аумағында жалпы сыйымдылығы 2,5 мың орыннан асатын 40-тан астам туристік нысан жұмыс істеп тұр. Өткен жыл қорытындысы бойынша туристер саны 8,3%-ға өскен. Ал, биылғы маусымда жаңа рекорд күтілуде.**

инвестициялар тарту және орналастыру мен демалыс саласындағы жобаларды іске асыру бойынша жұмыстар жүргізілуде. Аумақтарды дамыту бойынша қосымша шаралар, соның ішінде, инвесторларды тарту және бизнеске арналған мүмкіндіктерді кеңейту мәселелері қарастырылуда, – деп мәлімдеді Қарағанды облысының туризм басқармасының басшысы Ирина Любарская.

### Респондент пайымы

Travel-блогер Арман Бекшора бүгінде еркін форматтағы саяхат фрилансын өмір салтына айналдырған. Ол тек турист емес, әр сапарын терең зерттеп, жаңа мәдениеттерді сезініп, әр елдің тынысын өз тәжірибесі арқылы жеткізетін заманауи зерттеуші деуге болады. Әлемнің Германия, Түркия, Швейцария сынды дамыған мемлекеттерін аралаған ол әр елдің өзіндік ерекшелігін, туризм инфрақұрылымының деңгейін және саяхатшыға деген көзқара-

сын салыстыра отырып, терең ой түйген. Өз тәжірибесіне сүйене отырып, Арман Бекшора саяхаттың тек демалыс емес, адамның дүниетанымын кеңейтетін, жаңа мүмкіндіктерге жол ашатын ерекше мектеп екенін атап өтеді. Оның пікірінше, қазіргі заманда фриланс форматындағы саяхат – еркіндік пен жауапкершіліктің үйлесімі. Ал, әрбір жаңа бағыт – өзін-өзі танудың тағы бір белесі. – Жыл сайын әр жерді бейнекамеранмен және рюкзакпен аралайтын адам ретінде айтарымыз мынау. Әзірге «қағаз бетінде» шешіліп жатқан, бірақ іс жүзінде дамуды тежеп тұрған бірнеше жүйелі мәселе бар. Қазір барлығы тек маусым-тамыз айларымен ғана шектеліп тұрғандай. 15 ыркүйектен кейін тіршілік тоқтап қалып жатады. Шешіміне келсек, қазірден бастап-ақ қысқы өнімдерді де, мәселен, қарда жүретін көліктерді, мұз астындағы балық аулауды, тау шаңғысы турларын межелеп қоймақ ләзім, – деп ой тұжырады Арман.

Блогердің сөзінше, тек ұлттық парктің өзінде 40 мың адам болуы экологияға кәдімгідей салмақ көрсін. Қазіргі қарқынмен 3-4 жылдан кейін біз қоқысқа толған

соқпақты көріп, қапалануымыз кәдік. Сондықтан, электронды билеттер арқылы келушілер санына лимит енгізу және міндетті түрде белгіленген сома көлемінде «экологиялық алым» енгізу керек. Бұл қаражат тазалық пен қалпына келтіру жұмыстарына жұмсалуды тиіс.

– Қызметкерлер (әсіресе жағажайлар мен кішігірім дәмханаларда) әлі де «ескіше» жұмыс істейді. Жылы шырай мен ағылшын, қытай тілдерін ең болмаса, базалық деңгейде білу жетіспей жатады. Демек, осы бастан туристік нысан қызметкерлеріне арналған тегін екі апталық курстарды (сервис, ағылшын тілі, цифрлық дағдылар) өткізген абзал. Онан кейінгісі «келе-келе» «transparent pricing» (ашық баға) жүйесін енгізу қажет сынды. Сонда турист сапарының нақты құнын көріп, күтпеген шығындарға тап болмайды. Бұған қоса, тұрақты келушілер мен маусымнан тыс уақытта келетіндерге арналған лояльділік бағдарламаларын енгізген маңызды. Негізінде Қарағанды облысының биыл Қазақстанның үздік үш ішкі туристік бағыттарының қатарына кіруге толық мүмкіндігі бар. Инфрақұрылым дамып келеді, қаражат пен биліктің қолдауы мен назары да бар. Ендігі қалғаны – «әдемі суретпен» шектелмей, осы әлдеңдегі көзге ұрып тұрған түйткілдерді жол-жөнекей шешу. Сонда туристер «бір рет бардым, болды» демеі, жыл сайын оралатын болады. Маусымның ашылуын күтемін және бәрін өз көзіммен көріп қайтуға тырысамын, – деп түйінді сөзін кәнігі блогер.

### Қоржынқағар

Иә, Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың туризмді дамыту тұрғысындағы тапсырмасы мен Жолдаудағы нақты нұсқаулары – Қарағанды облысы үшін стратегиялық сынақ. Мемлекет басшысы айтқандай, «жергілікті атқарушы органдар әрдайым туризм инфрақұрылымын жан-жақты дамытуға жауапты болады»

және заманауи инфрақұрылым – еліміздің курорттарын әлемге танытатын ұлттық брендтің негізі болып қалмақ. Мұнымен қатар, ел Президенті қол қойған туризм саласын қолдау туралы жаңа заң – өңірлердің дамуына серпін беретін нақты тетік. Облыс үшін оның әлеуеті ерекше. Ендігі күндерде гидтер мен экскурсоводтардың жұмыс істеу шарттары едәуір жеңілдейді. Бұл, әсіресе, Қарқаралы ұлттық паркі мен өңірдегі тарихи-мәдени нысандарда тәуелсіз мамандардың қобеюіне жол ашады. Авторлық маршруттар пайда болып, туристерге ұсынылатын бағыттар әртараптана түспек. Демек, сапар тек стандартты экскурсиямен шектелмей, мазмұнды әрі бірегей тәжірибеге айналады.

Заң визит-орталықтарды дамытуға да басымдық береді. Бұл дегеніміз – туристі қарсы алып, бағыт-бағдар беретін заманауи нүктелер. Қарағанды облысында мұндай инфрақұрылым Қарқаралыдан бастап, Теміртауға дейінгі аралықта жүйелі түрде қалыптасуы бек мүмкін. Табиғи ландшафт пен индустриялық мұраны біріктіретін бағыттар өңірдің жаңа туристік бейнесін айқындайды. Сонымен қатар, мемлекет туристік инфрақұрылымға кеткен шығындардың бір бөлігін өтеуге дайын. Жол бойындағы сервис, қонақ үйлер, көлік логистикасы бизнес үшін нақты қолдауға ие болмақ. Кәсіпкерлер үшін тәуекел азайып, жаңа жобаларды іске қосуға қолдау артады. Туроператорларға көрсетілетін қолдау мен туристік автобустардың шекарадан өтуін жеделдету де маңызды қадам. Ал, балалар үшін ұлттық парктерге кірудің тегін болуы – ішкі туризмді дамытудың тиімді құралы. Енді отбасылар демалыс бағытын таңдағанда Қарқаралы ұлттық паркі сияқты көрікті жерлерге жиі бет бұратын болады.

Суретті түсірген Жангелді ӘБДІҒАЛЫМ

# Саранда серпіліс сезіледі

Саран қаласының әкімі Дарын Бұлқайыр өңірлік коммуникациялар қызметі алаңында облыстағы БАҚ өкілдерімен брифинг өткізіп, қаланың 2025 жылғы әлеуметтік-экономикалық дамуының қорытындылары және биылғы белгіленген жоспарларымен бөлісті.

Ержан ИМАШ, «Ortalyq Qazaqstan»

Қала әкімінің айтуынша, соңғы жылдары Саранда серпіліс сезіледі. Яғни, Үкімет пен кәсіпкерлердің қолдауымен экономиканы әртараптандыру салдарынан Саран осыдан екі жыл бұрын мо-



нокалалар тізімінен шығарылған. Осы кезеңде өндіріс көлемі 1,6 есеге, соның ішінде өңдеу саласы 1,6 есеге өсіпті. Өткен жылы 295 миллиард теңгеден астам сомаға өнеркәсіп өнімі өндірілсе, 92,5 пайызы өңдеу саласының өнімі. Нақты индекс көлемі жоғары – 137,2 пайыз, өңдеуде 156,1 пайыз болып сақталды. РТБ өнеркәсіп алаңдарында жалпы сомасы 346,7 миллиард теңгенің 8 жобасы іске асырылды. Барлық жобалар қуатына енген соң шамамен 4 мың жұмыс орны ашылады деп күтілуде. Бүгінде 2319 адам жұмысқа орналастырылған. Жыл сайын қалада 3-4 жоба іске қосылады. Өткен жылы бұл индустриялық аймақтың екі жобасы болды: құны 6,2 миллиард теңге болатын ыстық мырыштау

жүк автомобильдері өндірісі. Шағын өнеркәсіп аймағын құру да жалғасуда. Бұл «OptimTech» ЖШС тұрмыстық техникалары үшін электркомпоненттер өндірісінің оқшауланған орталығының құрылысы. Өткен 2025 жылда негізгі капиталға 114 миллиард теңгеден астам инвестиция салынса, оның 95 пайызы – жеке компаниялардың үлесі. Биыл инвестициялар көлемін 156,5 миллиард теңгеге дейін өсіру күтілуде. Бизнес саласында былтыр қалада сауда және қызмет көрсету саласында 13 жоба жүзеге асырылды. Жалпы қала бойынша шағын және орта бизнестің 2833 субъектінде 7 мыңнан аса адам жұмыс істейді. Бірыңғай кешенді бағдарлама аясында 778,3 миллион теңгенің 8 жобасына қолдау жасалды. Жұмысын жаңа бастаған жас кәсіпкерлерге қала бюджеті есебінен 8 грант берілген. Сол сияқты әлеуметтік санатағы 10 субъектіге де бизнес-идеясын іске асыру үшін гранттар беріліпті. Бизнесті өндірістік инфрақұрылыммен қамтамасыз ету мақсатында өткен жылы «Silk Road Elektroniks» ЖШС сумен жабдықтау мен бөлу жүйесі тартылған. Қалада орталықтандырылған жылумен жабдықтаудың екінші жылыту маусымы аяқталды. Орталық жылу көзіне көпқабатты 262 үй мен 44 әлеуметтік-мәдени нысан, сондай-ақ, Горняк ықшамауданының пешпен жылытылып келген 43 тұрғын үйі де қосылды. Қаланың 7 оқшау қазандығы да осы маусымда іске қосылып, қазандықтардың ағымдағы жөндеуі жасалып, жылу жүйе-

лерінің апатты учаскелері ауыстырылды. Сумен жабдықтау және бөлудің 4 инвестициялық жобасын жүзеге асыру жалғасып, биыл су өткізу тораптары үшінші кезегін жаңғырту жөніндегі жұмыстар да бітеді. Су құбырларының 92 шақырымның 72 шақырымы төселіп, құдықтарды монтаждау мен орнату жұмыстары жүргізілуде. Өткен жылы бір мезгілде су өткізу тораптарында 119 бұранданы ауыстыру мен орнату да жүргізілген. Екінші су көтеруді жаңғырту жұмыстары да жалғасуда. Жалпы көлемі 10 мың текше метр ауысуға арналған екі резервуардың құрылысы да тәмамдалды. Өткен жылы ұзындығы 35,5 шақырым көріз жүйелерін жаңғырту жобасын іске асыру, көшеде оздігінен ағып жатқан коллекторлар мен құдықтарды қалпына келтіру жобасын жүзеге асыру басталды. Қазірге дейін 4 шақырым су өткізгіш құбыры тартылып, Горняк ықшамауданында 130 құдық монтажданыпты. Сондай-ақ, РТБ аумағында салынған ықшам аудандарды инфрақұрылыммен қамтамасыз етудің 3 жобасы әзірленуде. Бұған сумен жабдықтау, көріз және жылу тораптарының магистралдары кіреді. Қаланы газбен жабдықтаудың жобалық-сметалық құжаттамасын жасау аяқталып қалды. Қаражат бөлінген жағдайда оны Ақтас кентінен бастау көзделіп отыр.

Бұдан кейін Дарын Бейбітұлы қала көшелері жолдарының жөндеуі, жарықтандырылуы, қауіпсіздігі жайын сөз етіп, көлік тұрақтары мен аялдама павильондары мәселесіне тоқталды. Сарандағы жұмыссыздық деңгейі об-



лыстағы 4,1 пайыздан төмен болып, 3,7 пайызды құрап, бүгінге дейін 1515 адам жұмысқа орналастырылып, 11 бос орындар жәрмеңкесі өткізілген.

– Әлеуметтік салада заңнамада көзделген халықты мемлекеттік қолдаудың барлық шаралары толық көлемде қамтамасыз етілген, – дейді Дарын Бұлқайыр. Яғни, барлығы 192,8 миллион теңгенің жәрдемақысы төленсе, соның ішінде оны 389 көпбалалы отбасы алған екен. Атаулы әлеуметтік көмек 27 отбасының 98 мүшесіне тағайындалыпты. Көктем кезінде су басу қаупінің алдын алу шаралары да қолға алынған. Жамбыл көшесінің гүлзары абаттандырылып, Халық қатысатын бюджет бойынша 11 жоба жүзеге асырылған. РТБ аумағындағы тұрғын үй қорын қалпына келтіру жалғасып, биыл 13 коммерциялық үй пайдалануға берілсе, өткен жылы пәтер кезегінде тұрғандар үшін жеке құрылыс салушылардан 90 пәтер сатып алынған көрінеді. Мемлекет қаржысы есебінен 75 пәтерлі үйді жаңғырту аяқталып, 16-үйді биыл пайдалануға беру мен РТБ аумағын газарту жоспарланып, ондағы 39 апатты үйді сырпы тастаудың құжаттары әзірленуде. Брифинг соңында Саран қаласының әкімі Дарын Бұлқайыр журналистер қойған сұрақтарға жауап берді.

САРАН

Суреттерді түсірген Жангелді ӘБДІҒАЛЫМ



# Инклюзия инфрақұрылымының игілігі

Кез келген өркениетті қоғамның кемелдігі оның мұқтаж жандарға деген шынайы жанашырлығымен өлшенбек. Әлеуметтік әділдік орнаған мемлекетте әрбір азаматтың кедергісіз дамуына тең мүмкіндік беру – басты басымдық. Осы маңызды мәселеге тоқталған Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев өзінің 2022 жылғы 1 қыркүйектегі «Әділетті мемлекет. Біртұтас ұлт. Берекелі қоғам» атты Қазақстан халқына Жолдауында «Әлеуметтік қолдау – үнемітін сала емес. Бұл – біздің азаматтық борышымыз әрі қоғам алдындағы парызымыз», – деп дөп басып айтқан. Президенттің бұл ұстанымы бүгінде аймақтардағы әлеуметтік саясаттың темірқазығына айналып, Қарағанды облысында нақты жобалар арқылы көрініс тауып отыр. Қарағанды облысында инклюзивті ортаны дамыту бағытында қолға алынған жаңа бастамалар ерекше қажеттілігі бар жандардың өмірін қалай өзгертеді? Аймақтың әлеуметтік әлеуетіне үйіліп көрдік...

Мағжан ҚУДАЙБЕРГЕН,  
«Ortalyq Qazaqstan»

## Сұраныс салмағы

Өңірдегі ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалар санының өсу динамикасы бұл саланың стратегиялық маңызын айқындайды. Жұмыспен қамту үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының дерегіне сүйенсек, 2022 жылы мұндай балалардың саны 14 870 болса, 2023 жылы 14 788-ге, 2024 жылы 14 760-қа тұрақтап, ал, бытырдан бастап көрсеткіш айтарлықтай артты, 16 980-ге жеткен. Қазіргі таңда бұл көрсеткіш 17 673-ке жетіп, қолдауға мұқтаж жандардың қатары жыл санап сиремей, қайта еселеніп отырғанын көрсетеді.

Бұл өсу динамикасы, әсіресе, аутизм спектрі бұзылыстары бар балалар арасында анық байқалады. Мәселен, 2022 жылы облыс бойынша небәрі 638 бала тіркелсе, бұл дерек 2023 жылы 967-ге, 2024 жылы 1 266-ға, ал, өткен жылы 1 359-ға көтеріліп, биыл 1 373 баланы құрады. Мұндай статистика бір жағынан, өңірдегі диагностикалау мен ауруды ерте анықтау жұмысының жолағайына айналды, екінші жағынан, білім беру, денсаулық сақтау және әлеуметтік қорғау жүйесінде түсетін жүктемелік едәуір артқанын айғақтайды.

## Білім мен қолдау

Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалар санының артуы өңірдегі оқу-ағарту жүйесіне де асқан жауапкершілік жүктеп отыр. Бұл ретте Қарағанды облысында арнайы қолдау тетіктерін мейлінше кеңейтуге басымдық берілген. Бүгінгі таңда аутизмге шалдыққан және өзге де ерекше қажеттіліктері бар жеткіншектерге 33 арнайы білім беру ұйымында, сондай-ақ, балабақшалар мен мектептердегі инклюзивті оқуға аясында соны серпінмен көмек көрсетілуде. Қазір



жүріп жатыр. Орталықтың штат санын жеті бірлікке көбейтіп, екі ауысымдық жұмыс кестесіне көшіру – кезек күттірмес шаралардың бірі. Сонымен қатар, 2026-2027 оқу жылында Қарағандыдағы №4 мектеп-интернат негізінде 120 баланы қабылдайтын облыстық №11 арнайы мектеп-интернаты құрылақ. Бұл мекеме дамуында тежелісі бар және аутизм спектрі бұзылған балалар үшін ең жайлы білім ұясына айналмақ. Ал, Шахтинск қаласында жылына 300 баланы қабылдауға қауқарлы жаңа аутизм орталығының ашылуы өңірдегі әлеуметтік картаның ең жарқын тұсы болмақ.

Ерекше балаларды күнделікті оқыту жүйесі де жыл санап нығайтып келеді. Қазір облыс бойынша 62 қолдау кабинетінде 1 247 оқушы тұрақты қамқорлыққа алынған. Санитарлық талапқа сай жабдықталған бұл орталықтардың қатары биыл Шет ауданы мен Шахтинск қаласындағы жаңа екі кабинетпен толықтақ. Сондай-ақ, мемлекеттік тапсырыс тетігі де өз жемісін беруде. 2024 жылдан бері бұл механизм арқылы 600 бала қызмет ала, оның ішінде тек балалардың өзінде алты жеке орталықта 300 балаға сапалы көмек көрсетілген.

## Кешенді оңалту

Инклюзивті ортаны қалыптастыру – тек білім беру жүйесімен ғана шектелетін тар ауқымдағы іс емес. Бұл – ерекше қажеттілігі бар балалар мен олардың отбасыларына күнделікті өмірде тыныс болатын, сапалы әлеуметтік қызмет пен заманауи оңалту инфрақұрылымын талап ететін ауқымды процесс. Бұл бағыттағы жұмыстар да соңғы жылдары мүлдем жаңа сипат алды. Бүгінде



гі уақытта арнайы психологиялық-педагогикалық қолдаумен 1 223 бала, яғни, мұқтаж жандардың 89 пайызы толық қамтылған. Дегенмен, «басталған іс – біткен іс» емес, бұл бағытта әлі де болса 150 баланың кезекте тұрғанын жүйелі одан әрі жетілдіре түсудің ең маңызды екенін аңғартса керек.

– Біздің басты мақсатымыз – ерекше қажеттіліктері бар әрбір балаға қолжетімді әрі сапалы қызмет көрсету. Соңғы жылдары бұл бағытта нақты қадамдар жасалып келеді. «Жұмыла көтерген жүк жеңіл» деген қағида ұстанған өңір басшылығы сұранысты қанағаттандыру үшін ілкімді қадамдар жасауда. Соның айқын дәлелі – биыл Қарағанды қаласында, Бұқар жырау және Шет аудандарында заманауи үлгідегі үш психологиялық-педагогикалық түзету кабинетінің ашылуы. Бұған қоса, кезекті шұғыл қысқарту мақсатында жұмыс істеп тұрған жеті кабинетте штат саны 22,5 бірлікке артып, қосымша 100 баланы қамтуға кең мүмкіндік жасалмақ, – деді облыстық жұмыспен қамту үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы басшысының орынбасары Айгүл Сүлейменова.

Айгүл Қайдашқызының мәліметінше, қазіргі таңда облыстық білім басқармасына қарасты №1 оңалту орталығында да қызмет аясын мейлінше ұлғайту жұмыстары қызу

Алдын алу маңызды

Ерекше қажеттілігі бар балаларға көмек көрсетудегі ең шешуші фактор – уақыт. Бала дамуындағы ауытқулар неғұрлым ерте анықталып, тиісті психологиялық-педагогикалық қолдау көрсетілсе, оның қоғамға бейімделуі мен әлеуметтік дағдыларының қалыптасуы көрсеткіші де соғұрлым жоғары болмақ. Осыны ескере отырып, Қарағанды облысында соңғы жылдары «ерте қолдау» жүйесін қалыптастыруға баса назар аударыла бастады.

– Бұл бағыттағы жұмыс тек денсаулық сақтау саласының шеңберімен шектелмейді. Тиімді нәтижеге қол жеткізу үшін медицина, білім беру және әлеуметтік қорғау салаларының басын біріктіретін пәнаралық тәсіл қажет. Инклюзивті ортаны қалыптастыру тек диагноз қою емес, баланың күнделікті өміріне, оның отбасы мен оқу ортасына кешенді түрде әсер етуді талап етеді, – деді балалар психиатриясы орталығының жетекшісі, облыстық бас балалар психиатры Ирина Брико.



өңірде психоневрологиялық аурулары бар балаларға арналған 125 орындық іргелі орталық пен оның жанындағы 45 орындық күндізгі бөлімше үздіксіз қызмет көрсетіп келеді. Балқаш қаласындағы 30 орындық оңалту орталығы мен өткен жылдың желтоқсанында есігін ашқан аутизмді бар балаларға арналған 125 орындық жаңа нысан – аймақтағы әлеуметтік қамқорлықтың еңселі

– Түптеп келгенде, инклюзия – ерекше қажеттілігі бар адамды «қалыпқа салу» немесе «түзету» әрекеті емес. Керісінше, бұл – қоғамның өзі адамға бейімделе алатын кемел деңгейге жетуі. Яғни, шынайы инклюзия адамды өзгертуден емес, ортаны кедергісіз, түсінікті әрі қабылдаушы етуіне басталады. Адамның физикалық немесе танымдық ерекшелігі өзгермеуі мүмкін, бірақ орта соған лайық ұйымдастырылса, оның әлеуеті ашылып, қоғамға берер пайдасы арта түседі.

екендігінің нақты айғағы.

Бұл мекемелердің қызметі тек құрғақ есеп берумен шектелмейді. Мұнда әрбір баланың жеке абилитация және реабилитация бағдарламасы жасалып, нақты мұқтажына қарай жан-жақты қолдау көрсетіледі. Мәселен, Қарағанды қаласындағы орталықтар бүгінде тек облыс орталығына ғана емес, Теміртау, Саран, Шахтинск қалалары мен Абай, Бұқар жырау аудандарын қоса қамтитын стратегиялық хабқа айналған. Осы аймақтар бойынша аутизмді бар 392 балаға қызмет көрсету қажеттілігі анықталса, қазіргі уақытта орталықта 62 бала (оның 30-ы – аутизм спектрі бұзылыстарымен, 32-сі – өзге менталдық ерекшеліктерімен), екі ауысымда, аптасына бес күн бойы арнайы бағдарламамен шындалуда.

Орталыққа келуге мүмкіндігі жоқ жандар да мемлекет назарынан тыс қалған емес.

## Нейропсихолог не дейді?

Инклюзивті ортаны дамыту жағын тек инфрақұрылым, әлеуметтік көмек немесе білім беру тетіктерімен ғана шектелуі мүмкін емес. Егер бұл мәселенің мәнісінде адамның ішкі дамуы, ортаға бейімделуі және өзін қоғамның толыққанды мүшесі ретінде сезінуі жатыр. Осы тұрғыдан алғанда нейробиологиялық пайымды инклюзия ұғымының шынайы мазмұнын ашып береді.

– Түптеп келгенде, инклюзия – ерекше қажеттілігі бар адамды «қалыпқа салу» немесе «түзету» әрекеті емес. Керісінше, бұл – қоғамның өзі адамға бейімделе алатын кемел деңгейге жетуі. Яғни, шынайы инклюзия адамды өзгертуден емес, ортаны кедергісіз, түсінікті әрі қабылдаушы етуіне басталады. Адамның физикалық немесе танымдық ерекшелігі өзгермеуі мүмкін, бірақ орта соған лайық ұйымдастырылса, оның әлеуеті ашылып, қоғамға берер пайдасы арта түседі.

Нейропсихологтың пайымынша, дамуында басты алғышарты – психологиялық қауіпсіздік. Адамның әлеуметтік кеңістікте дамуы. Егер бала немесе ересек адам үнемі қысым, шеттету, салыстыру, ауыштылық не жатысқа жағдайында өмір сүрсе, оның танымдық белсенділігі де, бейімделу мүмкіндігі де әлсірейді. Мұндай жағдайда ми даму мен үйрену режимінен қорғаныс күйіне көшеді.

– Ерекше қажеттілігі бар балалар үшін уақыт аса құнды. 0 мен 6 жас аралығы – миың ең икемді, ең сезімтал кезеңі. Дәл осы шақта көрсетілген кәсіби қолдау, түзету-дамыту жұмыстары мен әлеуметтік бейімдеу баланың кейінгі өмір сапасына тікелей әсер етеді. Ерте араласу – тек бүгінгі көмектің емес, ертегі ауыр психологиялық және әлеуметтік қиындықтардың алдын алудың тиімді жолы. Тағы бір айтарым, инклюзияны аяушылықпен шатастыруға болмайды. Себебі, шынайы қолдау мен гиперқамқорлық – екі бөлек ұғым. Артық аяушылық адамды тәуелді етіп, оның өздігінен шешім қабылдау қабілетін әлсіретеді, – деді Эльмира Амангелдіқызы.

Нейропсихологтың тұжырымынша, толыққанды инклюзивті орта үш деңгейден құралады. Біріншісі – физикалық қолжетімділік, яғни, кедергісіз кеңістік. Екіншісі – аппараттық қолжетімділік, яғни түсінікті тіл, визуалды сүйемелдеу, ыңғайлы коммуникация. Үшіншісі – әлеуметтік қолжетімділік, яғни, қоғамның өзгешелікті тосын құбылыс емес, өмірдің табиғи бөлігі ретінде қабылдауы. Осы үш негіз қатар орныққанға ғана инклюзия формалды талаптан нақты қоғамдық құндылыққа айналады.

## Инклюзия жас таңдамайды

Инклюзивті ортаны дамыту мәселесі тек балаларға қарасты ғана емес, ата-аналардың қолдауы мен әлеуметтік қолдауымен ерекше қажеттілігі бар жасөспірім есейген соң, оның алдынан «қоғамнан өз орнымды қалай тапаймын?» деген заңды сауал туындайды. Бұл кезеңде дербес өмірге бейімделу, еңбек дағдыларын меңгеру және әлеуметтік ортаға еркін араласу мәселелері алдыңғы шепке шығады. Осы орайда, Қарағандыда ересек жастағы мүгедектігі бар азаматтарды әлеуметтік-еңбекке бейімдеуге бағытталған соны бастамалар қолға алынды.

Бұл бағыттағы елеулі жобалардың бірі – Қарағанды қалалық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің бастамасымен ашылған «Бізбен бірге бол» интеграциялық орталығы.

– Бұл жоба – ерекше қажеттіліктері бар жандарды қоғамға бейімдеудің тиімді моделін қалыптастыруға бағытталған пилоттық бастама. Орталығымыздың ерекшелігі – мұнда тек еңбек дағдыларын қалыптастырумен шектелмей, құқықтық, психологиялық және әлеуметтік кеңес беру қызметтері де ұсынылады. Бейімделу процесі бірнеше бағытта қатар жүреді. Адам бір жағынан кәсіби машыққа дағдылана, екінші жағынан эмоционалды және құқықтық тұрғыдан өзін нық сезіне бастайды, – деді орталық басшысы Өсел Бекбаева.

## Азаматтық сектордың әлеуеті

Инклюзивті ортаны қалыптастыру тек мемлекеттің нығаны жүктелген міндет емес. Бұл істе мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс аясында жұмыс істейтін азаматтық сектордың, атап айтқанда, үкіметтік емес ұйымдардың ролі ерекше. Соның ішінде Қарағанды қаласындағы «Ten Qogam» әлеуметтік бейімделу орталығының қызметі – мемлекеттік қолдаудың жарқын үлгісі. Былтырғы жылдың ақпан айынан бастап өз жұмысын жандандырған бұл орталық мүгедектігі бар азаматтарды әлеуметтік, құқықтық, психологиялық тұрғыдан қолдап, олардың еңбекке араласуына тікелей септігін тигізіп келеді. Орталықтың негізгі міндеттері тек кеңес берумен шектелмейді. Мұнда жұмыспен қамтуға жәрдемдесу, техникалық оңалту құралдарын таңдауға сүйемелдеу және қалалық инфрақұрылымның қолжетімділігін мониторинг жүргізу сияқты ауқымды істер атқарылады.

– Қазіргі қоғамның сұранысы тек жәрдемақы немесе анықтама рәсімдеуден әлдеқайда кең ауқымды қамтиды. Адамдарға психологиялық кедергілерді еңсеру, өз құқықтарын қорғай білу және қолжетімді ортада кедергісіз өмір сүру маңызды. Біздің басты міндетіміз – азаматтарды қоғамдағы күнделікті өмірге, еңбекке және дербес шешім қабылдауға бейімдеу. Былтыр сол бағытта 5 036 қызмет көрсетілді. Ең басты нәтиже – жұмыспен қамту бағытында. Орталыққа жүтінген 67 адамның 35-і нақты жұмысқа орналса, тағы 3 азамат көрсетілген кәсіби қолдаудың арқасында өз күшімен жұмысқа орналса, – деді «Qamqor Plus» қоғамдық бірлестігінің төрағасы, облыс әкімінің мүгедектік мәселелері жөніндегі штаттан тыс кеңесшісі Нияз Сүндітаев.

## Түйін

Аймақта жүзеге асып жатқан жетелі жобалар мен баянды бастамаларға зер салсақ, «инклюзивті орта» ұғымының мазмұны біртіндеп кеңейіп келе жатқанын аңғарамыз. Егер бұрын бұл мәселе көбіне пандус, көтергіш немесе арнайы мекемелер ашу деңгейінде ғана қаралғандықтан, бүгінде оған анағұрлым тереңірек әрі ауқымдырақ тұрғыдан қарау қажеттілігі айқын сезіледі. Себебі, шынайы инклюзия – адамның тек гимаратқа кедергісіз кіруі емес, оның сапалы білім алуға, мемлекеттік қызметтерге қол жеткізуге, ортаға толық бейімделуге, еңбекке араласуға және өзін қоғамның толыққанды мүшесі ретінде сезінуіне жағдай жасаумен өлшенбек.

Суреттерді түсірген  
Жангелді ӘБДІҒАЛЫМ

● РУННАМА

# Жанаттың поэзия патшалығында

(Астанада өткен Жанат Әскербекқызының поэтикалық-музыкалық кешінен туған ой)

**Серік АҚСҰҢҚАРУЛЫ**

**1. Спектакльде**

Жанаттың Поэзия Патшалығына кіріп кетіп, содан әлі шыға алмай отырмын. Бұл кеш қазақ ақындардың күн сайын, жыл сайын өтіп жатқан кештерінің бірде-біреуіне ұқсамайтын ғажайып өнер туындысы болды десек, артық айтқаным болмас. Спектакльдің режиссері Асхат Майеміровтің елден ерек таланты мен ізденісіне тәнті болдым. Қазақ театры сахнасына поэтикалық қойылымды алғаш алып келген Райымбек Сейтметевтен кейінгі бірден-бір режиссер осы болды!

Тағанка театры 1964 жылы режиссер Юрий Любимов келгеннен кейін Ресейге ғана емес, дүниежүзіне мәшһүр болды! Андрей Вознесенскийдің «Анимирь» дүниені дүр сілкітті! Бұл совет өкіметінің «бізде сендерден де басқа ақындар бар» деп, Мемлекеттік сыйлықты халтуриштерге үлестіріп жатқан кезі... Шыдамы таусылған совет шенеуніктері Ю.Любимовті театрдан қуып, совет азаматтығынан айырып жібереді!

Театрдың тұрақты көрермендері сол заманның сорпа бетіне шығарлау Андрей Сахаров, Зураб Церетели... Актерлері – В.Высоцкий, В.Смехов, В.Золотухин, А.Демидова, З.Славина, Н.Шацкая, Т.Додина, Б.Хмельницкий... Мәдениет министрі Е. Фурцева бізді мақтайды енді деген дәмелі оймен

«— Ал, ақын, бастаңыз, қане! Бізге арнап бір экспромт шығарып жібермейсіз бе?» — «Ну, поэт, начните! Напишите нам экспромт!» — дегенде, Андрей Вознесенский бір бет ақ қағазға фломастермен бадьрайтып, «Все богини — как поганки перед бабами с Таганки!» — деген! Беті ұяттан қызарып кеткен министр ханым бірден еңі сыйлаурауып, шыға жөнеліпті!

Осындағы бір акрисаның туған күнінде албырт ақын Андрей сахнаға атып шығып,

«— Бүгін біздің ең ғажайып күніміз!» — дейді саңқыдап! Сахнаға гүл жауып кетеді! Ылғи өстіп бүлдіріп жүреді ол! Ертеңіне театр жетекшісі ЦК-ға шақырып, осы антисоветтік сөз үшін партиялық ең соңғы сегісін берген! Сөйтсе, — партияның сол кездегі көрнекті өкілі, Политбюро мүшесі Козлов қайтыс болып, бүкілодақтық қара-лық күн жарияланған күн екен...

...Мұндай спектакльдер қазақ режиссерларының түсіне де кірмейді...



**4. Тағы да — Көк Түріктер сарыны**

Заманамыздың ұлы ақыны Темірхан Медетбектің «Көк Түріктер Сарыны» қазақ поэзиясындағы ХХІ ғасырдағы ірі құбылысы болып еді, сол Көк Түріктердің Атақонысы Алтайдан кіндік қаны тамған Жанат Әскербектің Көк Түріктер Жыры оған, мүлде, ұқсамайтын соны дүние болып шықты! Талантты режиссер Асхат Майеміров сахнада Жанаттың жан-дүниесін ғана емес, жер бетінде Үш Мың Жыл сайран салған Көшпелілер Мәдениетінің ажарын жарқыратып ашып, базарын салтанатпен паш етті!

Жетпісінші жылдары әдебиетке келіп, кейіннен әдеби ортада болмай, күтпеген жерден келген нарықтық капитализмнің әуресінен жан бағып, саудаға кеткен бір шәйірі Тем-Ағаның «Көк Түріктер Сарынын менен алып оқып, «— Мынада ұйқас жоқ қой?!» — деп еді. Поэзия деген ұйқас емес — Рух! Сол ата-баба руы Жанат жырларында ат ұрынып, арнасынан асып, Көк теңіздей бұрқанып, Алтайдың асқақ шырларындай аспанмен тілдесіп тұр екен!

Көк Түріктердің туған жері — Алтай. Біздің бәріміз содан тарағанбыз. Біз Көк Түріктерден

жаралған ер екенімізді дәлелдей алмай жүргенде Жанат Алтайдан шыққан Ару екенін көрсетті!

Бұл — Жаһандану дейтін Жалмауызға қарсы жазылған протест! Бұл спектакльді Атырау-Арқа-Алатау-Алтайға дейін көрсету керек! Ұлтымның бүгінгі таңдағы рухани өміріндегі оқшау оқиғасы осы болып тұр, меніңше! Оны биліктегі шенеуніктер де қалың көрерменмен бірге қызықтап, көргені жөн, әйтпесе, солардың 90 пайызы өлең деген ұйқас қуған бірдене деп ойлап жүр?!.

... екі күн болды, Жанат Әскербекқызының Поэзия Патшалығынан шыға алмай, соның әсерінен әлі айға алмай отырмын...

*S.P. Мына өлеңді сол күні алдымнан Көк Түріктердің шыға келетінін білгендей жазған өкем; менің де Тәңірімен бір байланысым бар екенін ішім сезеді...*

Ақсорға ғап соңымда,  
Алтай қалып;  
Кетіп барам, қайтейін, қалқам,  
Налып?  
Өмір дейтін ғажайып құбылысты,  
Қия да алмай, караумен жауғаң қағып;  
Ақсорға ғап соңымда,  
Алтай қалып...

Дүниеге келеді келе бергім,  
Жақсысының соңынан ере бергім.  
Кететұғын болған соң,

жүре тұрмай,  
Бұ опасыз жалғанға неге келдім?  
Дүниеге келеді келе бергім!

Бұ жалғанға келе алмай қайта айналып,  
Арт жағымда Ақсоран,  
Алтай қалып;  
Ғажайыбын Осыноу Дүниенің,  
О Дүниеге жыр қылып айтам барып,  
Арт жағымда Ақсоран,  
Алтай қалып!

Кетіп барам қайтейін, қалқам,  
Налып,  
Қазақ дейін қазыққа арқандалып;  
Түбім қырғыз болса да,  
Алашынның,  
Аруына өзіндей аң-таң қалып;  
Қазақ дейін қазыққа арқандалып!

Кетіп барам баһадүр-батырларша,  
Қала тұрам Тәңірі шақырғанша?  
Әйелзаты жаһанның әлемісі,  
Әйелден де әлемі ол — Ақын болса!  
Қала тұрам Тәңірі шақырғанша...

12.04.2026ж.  
Сурет автордан

# Сапасыз жарнамаға сын бар



Алдағы уақытта Қарағанды қаласындағы 2000-нан астам шағын және орта кәсіпкерлік нысанындағы тіл нормаларына баса ден қойылады. Сол арқылы мемлекеттік қызмет көрсетудегі ұйымдар кәсіпкерлік субъектілеріндегі жарнамаларда Қазақстан Республикасының тіл және жарнама туралы заңнама талаптарына сай мемлекеттік тілде дұрыс рәсімдеуін қалыптастыруды көздейді. Тілдерді дамыту жөніндегі басқармасының ұйымдастыруымен өткен «Сапалы жарнама — сапалы қызмет» әлеуметтік жобасын іске асыру бойынша өткен құқықтық оқыту теринінгі осы мүддені өзек етті.



— Бұл жобаны біз 3 жылға жуық өткізгенбіз. Быыл жаңартып, өзгерістер енгізіп, бір жылдық жоба етіп отырмыз. Көрнекі ақпарат пен жарнама — қаланың келбеті. Жобадағы топ мүшелері — мемлекеттік тілдің насихаттаушысы. Жобаны әдептен, өзiмiзге сай стильмен, даудамай туғызбайтындей етіп жүргізуге мүдделіміз. Тоқсан сайын кездесулер өткізіп, жылдың соңында бір нәтижеге жету — мұрат. Ең бірінші мақсат — ол тіл тазалығын сақтау. Қарағанды қаласының 70-80% қазақтанған. Урбанизация арқасында аудан, қалалардан көшіп келіп жатқан азаматтар қаншама?! Сондықтан, тұтынушы ретіндегі әр азамат мемлекеттік тілде өзінің сұранысын қамтамасыз ете алуы керек. Тіл тазалығы сақталмай, қалай болса, солай аударылған жарнамалар көпшілік арасында талқыға жиі түседі. Ұлттың ынтымағы үшін бұл орайда жұмыла жұмыс істеу — міндет. Заңда жарнаманың сол жағында бірінші қазақ тілінде, оң жағында орыс немесе басқа да тілде жазылады делінген, — деді тілдерді дамыту жөніндегі басқармасының басшысы Алма Шалабаева.

«Qaz Lingva» орталығының жетекшісі Гүлназ Мұстағұлова жобаны іске асыру алгоритмі бойынша медицина, қоғамдық тамақтану орындары, сауда орындары, халыққа қызмет көрсету орындары және көлік қызметі қамтылатынын атады. Тренинг барысында Қарағанды ұлттық зерттеу университетінің психологы Аружан Әшім «Эмоцияны басқару: конфликтке жол бермеудің тиімді тәсілдері» тақырыбында баяндады. Онда даулы жағдайда адам өзін қалай ұстауы керектігі туралы ақпарат берілді.

— Жоба негізі 2020 жылдан бері іске асырылып келеді. Жобаның қоғамға да, тіл үйренушілерге де пайдалы екені осы жылдарда аңғарылды. Бүгінге дейін бірзас жарнамаларды қазақ тілінің заңдылығына сай ауыстырдык. Біздің негізгі мақсат — жарнама мен көрнекі ақпаратта тіл тазалығын сақтау, — деді Гүлназ Мұстағұлова. Жоба аясында «Көрнекі ақпарат және жарнама тілін біріздендіру» акциясы ұйымдастырылады. Акцияда Қарағанды қаласында орналасқан мемлекеттік қызмет көрсетудегі ұйымдардың, шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерінің қызметінде «Қазақстан Республикасындағы Тіл туралы», «Жарнама туралы» және «Тұтынушылар құқықтарын қорғау туралы» Қазақстан Республикасы Заңдарының талаптарының орындалуына мониторинг жүргізіледі.

**Айна ҒАНИ,**  
ҚарҰЗУ II курс студенті

● МӘДЕНИЕТ ОШАҚТАРЫНДА

# Ауыл руханиятының шамшырағы

Ауылдың рухани тынысын кеңейтіп, тұрғындарының білімін толықтырып, мәдени өміріне серпін беретін бірден-бір орын — ауыл кітапханасы. Бүгінде ауыл кітапханасы ауыл халқының бас қосатын, ой бөлісетін, рухани толысатын мәдени орталыққа айналып отыр.

Осындай игі міндетті абыроймен атқарып келе жатқан кітапханалардың бірі — Ақтоғай ауданы, Қушсақ ауылдық округінің кітапханасы. Бұл кітапхананың жұмысы соңғы жылдары жаңа серпін алып, ауыл тұрғындарының сүйікті орнына айналды. Мұның басты себебі — кітапханашы Гүлназ Жақсыгелдинаның өз ісіне деген жауапкершілігі мен шынайы жанашырлығы.

Гүлназ Мәдениетқызының кітапханада еңбек етіп келе жатқанына көп уақыт болма да, қысқа мерзім ішінде өзін білікті маман ретінде таныта білді. Ол кітапхананың жұмысын жүйелі, ауыл тұрғындарын кітап оқуға тарту бағытында тың бастамалар көтеріп келеді. Кітапханаға табалдырығын аттаған әрбір оқырманды мұнтаздай таза, талапқа сай безендірілген, кітап сөрелері ұқыпты орналастырылған рухани орта қарсы алады.

Кітапханада түрлі мәдени-танымдық іс-шаралар тұрақты түрде ұйымдастырылады. Атап айтқанда, қазақ әдебиетінің көрнекті қаламгерлерінің шығармаларын насихаттауға арналған әдеби кештер, танымдық сағаттар, кітап көрмелері, тақырыптық бұрыштар, дөңгелек үстелдер ұйымдастырып тұрады. Сонымен қатар, жаңадан

келген әдебиеттерге арнайы таныстырылымдар ұйымдастырылып, оқырмандарды кітап оқуға шақыру жұмыстары жүйелі жолға қойылған. Балаларға арналған танымдық ойындар мен әдеби сыйыстар да жас ұрпақтың кітапқа деген қызығушылығын арттыруға септігін тигізуде.

Айта кету керек, бұл кітапхананың қалыптасуына өзіндік қолтаңбасын қалдырған мамандардың бірі — осы салада ұзақ жыл еңбек еткен Гүлім Жұманова. Гүлім Мағауияқызының еңбегі кітапхананың бүгінгі деңгейге жетуіне негіз болды десек, артық айтқандық емес. Ал, қазіргі таңда бұл игі істі жалғастырып, жаңа мазмұнмен байытып отырған — жас маман Гүлназ Мәдениетқызы.

Гүлназ тек кітапхана қабырғасында ғана емес, ауылдың қоғамдық-мәдени өмірінде де белсенді. Мәдениет үйінде өтетін түрлі іс-шараларға атсалысып, кітап көрмелерін ұйымдастырады, мерекелік безендіру жұмыстарына қатысады. Оның жан-жақтылығы мен белсенділігі ауыл жастарына үлгі болары сөзсіз.

**Зағира АДАМБАЙ,**  
Қушсақ ауылдық мәдениет үйінің меңгерушісі  
Ақтоғай ауданы

● МЮЗИКЛ

# Ыбырай алауы

Қазақтың аса көрнекті ағартушы-педагогы, жазушы, этнограф, фольклоршы Ыбырай Алтынсариннің 185 жылдығына орай Қарағанды қаласындағы Ыбырай Алтынсарин атындағы мектеп-лицейінде елең еткізерлік тың жоба жүзеге асты. Мектеп ұжымы «Ыбырай алауы» аталған мюзиклді көпшілік назарына ұсынды. Ы.Алтынсарин атындағы мектеп директоры Раиса Кенешованың айтуынша, мюзиклға мектеп ұжымы төрт ай дайындалған. Екі ай сценарий жазылған екен. 100-ден астам мектеп оқушылары мен ұстаздары тартылыпты.

Мюзиклда бастауыш сынып оқушылары өлең оқып, мұғалімдер жанды дауыста ән шырқады. Кейін Ыбырай Алтынсариннің хрестоматияны қалай жазғаны жайлы қойылым қойылып, мектептің іргесін қалай салғандығы назарға ұсынылды. Мюзиклда бастауыш сынып оқушылары Ыбырай Алтынсариннің «Кел, балалар, оқылық» өлеңін хормен орындады.

Мектеп директоры Раиса Кенешова аталған шараға атсалысқан



№2 балалар музыка мектебі — ЮНЕСКО клубының директоры Марат Қапенұлына алғыс білдірді.

Осы орайда композитор Әбла-хат Есбаевтың бейнесін жасанды интеллект сөйлетіп, оның әннің тарихы туралы баяндауы көрермен көңілінен шықты.

Қарағанды білім бөлімі басшысы Есентай Әшім жобаның ұрпақ үшін аса маңызды, ұлы

тұлғаны дәріптейтін ерен жоба екендігін атады. Ал, Қазыбек би ауданы кәсіподағы мектепке 100 000 теңге сыйақы табыстады.

— Мұндай қадам зияткерлік модернизация жобасының мюзикл бағыты бойынша мектептің шығармашылығын дамыту бағытында жасалды. Ыбырай Алтынсариннің туғанына был 185 жыл толуына орай, ағартушылық және

еңбек жолына арналған «Ыбырай алауы» мюзиклін ұйымдастыруды жөн көрдік. Мюзиклге 100-ден астам оқушылар мен мұғалімдер қатысты. Біз ұлы ағартушының дәріптей береміз. Осы мақсатта «Ыбырай тағылымы» деген облыстық конкурстар мен еңбектерін арналған стемп бағытта бейнежазба форматындағы сайыстар да бар, — деді мектеп директоры Раиса Кенешова.

Ыбырай Алтынсарин атындағы мектептің бірінші кабатында арнайы стенд ұйымдастырылған. Онда ұлы ағартушының еңбектері, шығармалары мен өмірбаяны жазылған кітаптар, алғаш ашқан мектебінің макеті де қойылған.

«Ыбырай Алтынсаринді дәріптеу мақсатында тарихты бейнелегіміз келді. Әрине, образ сомдауда, дайындық барысында киньдыктар кездесті. Дегенмен, жұмыла жұмыс істедік», — деп ойларымен бөлісті мюзиклге қатысқандар.

«Педагогикалық жұмыстағы шешуші нәрсе — ең жақсы оқыту әдістерін таба білуде», — деп Ыбырай ағамыз айтып кеткендей, мюзикл көпшілікке тәлім мен тәрбиенің тереңдігін насихат қылды.

**Динара ҒАБДЫҒАЛЫМ,**  
ҚарҰЗУ II курс студенті

Суреттерді түсірген автор

• ГЕНЕРАЛ-МАЙОР СӘБЕТ МАЛҒАЖДАРҰЛЫ ЖАҚЫПБЕКОВТІҢ ТУҒАНЫНА – 90 ЖЫЛ

## Қауіпсіздік қызметіндегі қайсар жол

Сан сынақты маңдай термен, табандылықпен өзіне бағындыратын кесек тұлғалар болады. Олар өз заманының тынысын дөп басып, кейінгі ұрпаққа үлгі-өнегеге толы өшпес із қалдырады. Осындай көрнекті тұлғаның бірі һәм бірегейі – алтын бесік Ақтоғай топырағында туған, Қазақстан Республикасы ұлттық қауіпсіздік комитетінен тұңғыш болып генерал-майор шеніне жеткен Сәбет Малғаждарұлы Жақыпбеков. Биыл ел тарихында өзіндік орны бар арда азамат, қайраткер, генерал-майор Сәбет Малғаждарұлы Жақыпбековтің туғанына 90 жыл толып отыр.

**Жәлел ШАЛҚАР,**  
«Ortalyq Qazaqstan»

### Шыңдалу кезеңі

Осы атаулы дата аясында Ұлттық қауіпсіздік комитеті ардагерлері арасында бильярд спортынан генерал-майор Сәбет Жақыпбековтің Кубогына арналған кезекті VIII республикалық турнир өтеді. Дәстүрлі жарыс биыл сәуір айында Алматы қаласында ұйымдастырылады деп жоспарланып отыр.

Бұл турнир – ел қауіпсіздігі жолында аянбай еңбек еткен ардагерлерге, сондай-ақ, үкіметтік байланыс саласының негізін қалаған тұлғаға көрсетілер зор құрмет екенін айта кеткен жөн.

Сәбет Малғаждарұлы – 1936 жылы көпбалалы отбасында дүниеге келген. Бала кезінен зерек, білімге құштар болып өседі. Бастауыш білімді туған ауылында алып, Балқаш қаласындағы орта мектепті үздік аяқтаған соң, Новосібір электротехникалық институтына оқуға түсіп, инженер мамандығын игерген.

Жоғары оқу орнын тәмамдаған жас маман бастапқыда КСРО Ғылым академиясының Сібір бөлімшесіне қарасты Техникалық кибернетика институтына жолдама алғанымен, тағдыр оны Қазақ КСР Мемлекеттік қауіпсіздік комитетіне алып келді.

Сөйтін, 1959 жылы Новосібір электротехникалық байланыс институтын бітірген жасындаған жас маман Алматы қаласына жолданып, Қазақ КСР Министрлер Кеңесі жанындағы Мемлекеттік

алғашқы автоматты қалааралық телефон станциясын іске қосу үлкен сынаққа айналды. Мәскеудің Автоматика ғылыми-зерттеу институтында әзірленіп, Ленинградтағы «Красная заря» зауытында жасалған бұл күрделі техника Қазақстан аумағында алғаш рет орнатылуы тиіс болатын. Алайда, іске қосу жұмыстары сәтсіз аяқталып, мамандар станцияны пайдалануға жарамсыз деп таныды. Тіпті, КСР МҚК Мемлекеттік комиссиясы да «аппаратураны тәжірибеде қолдануға болмайды» деген қорытынды шығарды.

Дәл осы тұста жас маман Сәбет Жақыпбеков кәсібилігімен әрі бағдырлығымен ерекше көзге түседі. Ол күрделі техникалық құжаттама мұқият зерделемей-ақ, мәселенің түп-төркінін монтаж жұмыстарының сапасыз орындалуынан екенін кесіп айтты. Бұл – сол кезең үшін тосын әрі тәуекелге толы тұжырым болса да, жалынды жас өз ойының дұрыстығына сенді.

Бөлім басшысы полковник Зеллинскийге жасаған баяндамасында ол қасына бір көмекші бөлімсе, аппаратураны үш айдың ішінде іске қосуға уәде берді. Осылайша, жауапкершілігі ауыр бұл міндетті жас маман абыроймен орындап шығды. Ал, станцияның барлық техникалық параметрлері бойынша толық тексеріліп, сенімді жұмыс істеуі үшін тағы бір жарым жыл қажырлы еңбек жұмсалған.

Осы кезеңде Сәбет Жақыпбеков тарапынан енгізілген 30-дан астам техникалық жетілдіру кей-



С.Жақыпбеков атындағы бильярд турниріне қатысушылар. 2020 жыл. Алматы.

стың шиеленісіп, Қазақстан аумағында шекаралық қауіпсіздікті күшейту талап етілгенде шекаралық жасақтың байланыс жүйесін қамтамасыз ету – аса маңызды стратегиялық міндетке айналды. Сәбет Жақыпбеков басшылық ет-

кенді, «ҚР ҰҚК-нің Құрметті қызметкері», «Құрметті байланысшы» атақтары оның тынымсыз әрі адал еңбегіне берілген әділ баға. Түсінген адамға бұл – өте үлкен жетістік.

1997 жылы зейнеткерлікке шыққаннан кейін де Сәбет Малғаждарұлы ел дамуына үлес қосуды жалғастырды. Ол «Нұрсат» телекоммуникациялық компаниясының президенті ретінде еңбек етіп, Қазақстанның тәуелсіз ұлттық спутниктік байланыс желісін құруға белсене қатысты.

Мемлекет және қоғам қайраткері, ҚР ҰҚК Құрметті ардагері ұзақ жылдар бойы Сарыарқа жерінде қызмет істеп, Сәбет ағасынан тәлім-тәрбие алған генерал-лейтенант Ә.Ш.Шаяхметовтің айтуынша: «генерал-майор С.М.Жақыпбеков КСРО МҚК ұзақ жылдар мінсіз қызмет атқарып, ҚР Президентінің Күзет қызметі бастығының орынбасары лауазымына дейін көтерілді, жоғарғы генерал-майор әскери атағын алды. Айта кетсек, ағамыз қаншама шәкірттер тәрбиеледі. Сондықтан, оның есімі тарихта алтын әріптермен жазылған. Генерал-майор Сәбет Жақыпбековтің өмір жолы жас қызметкерлер, менің замандастарым үшін де

«генерал-майор С.М.Жақыпбеков атындағы бильярд турнирі алғаш рет 2019 жылы ағамыздың көзі тірі кезінде басталып, өткізілген болатын. Аталған турнир 7 облыста өтті. Содан бері бұл республикалық жарыс ҚР ҰҚК ардагерлерінің біріктіретін, офицерлік рух пен салауатты өмір салтын насихаттайтын дәстүрлі додаға және ұрпақтар сабақтастығының символына айналды. С.М.Жақыпбековтің шәкірті генерал-майор Х.М.Нышанбаев қатарынан 3 турнирдің жеңімпазы атанды. «Ұстазы мықтының ұстанымы мықты» деп атам қазақ бекер айтпаған екен.

Биылғы VIII турнирдің ерекшелігі – генерал-майор С.М.Жақыпбековтің 90 жылдық мерейтойымен тұспа-тұс келуі. Алматы қаласында өтетін жарысқа еліміздің түпкір-түпкірінен ҚР ҰҚК ардагерлері қатысып, шынайы спорттық бәсекеде бақ сынамақ. Әрине, турнир ерекше өтеді деп ойлаймын. ҚР ҰҚК Мемлекеттік байланыс қызметі Ардагерлер кеңесінің төрағасы полковник Қ.А.Есімсейітов және

бастауымен ҚазКСР МҚК төрағасы генерал-майор Ә.Ә.Арыстанбековтің 100 жылдығы ерекше аталып өтті.

Генерал-майор С.М.Жақыпбеков атындағы бильярд турнирі алғаш рет 2019 жылы ағамыздың көзі тірі кезінде басталып, өткізілген болатын. Аталған турнир 7 облыста өтті. Содан бері бұл республикалық жарыс ҚР ҰҚК ардагерлерінің біріктіретін, офицерлік рух пен салауатты өмір салтын насихаттайтын дәстүрлі додаға және ұрпақтар сабақтастығының символына айналды. С.М.Жақыпбековтің шәкірті генерал-майор Х.М.Нышанбаев қатарынан 3 турнирдің жеңімпазы атанды. «Ұстазы мықтының ұстанымы мықты» деп атам қазақ бекер айтпаған екен.



Халық қаһарманы Сәт Токпақбаевтың 80 жас мерейтойында. Солдан оңға қарай екінші тұрған – генерал-лейтенант Ә.Ш.Шаяхметов, төртінші тұрған – С.Жақыпбеков.

қауіпсіздік комитетінде қызмет жолын бастады.

Сәбет Жақыпбеков 20 жылдан астам уақыт бойы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Үкіметтік байланыс Бас басқармасын басқарып, тәуелсіз мемлекет үшін стратегиялық маңызы бар жүйенің қалыпташуына өлшеусіз үлес қосты. Республикамыз бен ТМД елдеріндегі осы қызметтің ең танымал басшыларының бірі болды.

Оның Қазақ КСР МҚК үкіметтік байланыс бөлімінің инженері лауазымынан бастап, Қазақстан Республикасы Президентінің Күзет қызметі бастығының орынбасары, Үкіметтік байланыс агенттігінің директорына дейінгі мінсіз қызметі – өз ісіне және Отанына шексіз берілгендіктің үлгісі.

Осылайша, Сәбет Малғаждарұлының бүкіл саналы ғұмыры Ұлттық Қауіпсіздік комитетінің Үкіметтік байланыс жүйесімен тығыз байланысты болды.

### Ерлікке толы жылдар

Ғылым мен техниканың дамуы жеке тұлғалардың батыл шешімі мен кәсіби жауапкершілігіне тікелей байланысты екені тарихта талай рет дәлелденген. Осындай тағдырлы сәттерде ел болашағына әсер еткен мамандардың бірі Сәбет Жақыпбеков еді.

1960 жылдары Кеңес Одағында координаттық жүйеге негізделген

ін ресми түрде оңтайлы ұсыныс ретінде бекітіліп, Автоматтандырылған қалааралық телефон станциясы жұмысының сапасын тексеретін арнайы аспаптың жасалуына жол ашты. Нәтижесінде, техника сериялық өндіріске енгізіліп, оның келесі нұсқасы Иркутск қаласында орнатылды.

Бұдан бөлек, 1969 жылы Қытаймен арадағы қарым-қатына-

кен бөлімше одақтас республикалар арасында алғашқылардың бірі болып ведомстволық жедел байланысты автоматтандырып, қауіпсіз әрі жедел ақпарат алмасудың негізін қалады.

Кеңес Одағы ыдырап, тәуелсіз мемлекеттер қалыптасқан тұста Сәбет Малғаждарұлының тәжірибесі мен беделі жоғары бағаланды. Мемлекетаралық үкіметтік

### Адал еңбек елеусіз қалмайды...

Арнайы қызметтегі мінсіз қызметі және ерен еңбегі үшін ол «Құрмет белгісі» және «Құр-

**1969 жылы Қытаймен арадағы қарым-қатынастың шиеленісіп, Қазақстан аумағында шекаралық қауіпсіздікті күшейту талап етілгенде шекаралық жасақтың байланыс жүйесін қамтамасыз ету – аса маңызды стратегиялық міндетке айналды. Сәбет Жақыпбеков басшылық еткен бөлімше одақтас республикалар арасында алғашқылардың бірі болып ведомстволық жедел байланысты автоматтандырып, қауіпсіз әрі жедел ақпарат алмасудың негізін қалады.**



Генерал-майор Әубәкір Арыстанбековтің 100 жылдық мерейтойында.

ҚР ҰҚК Алматы қаласы бойынша ардагерлер кеңесінің төрағасы генерал-майор Х.М.Нышанбаев турнир дайындығына ерекше мән беріп жүргендері бірізгіге белгілі, – деп ҚР ҰҚК бұрынғы төрағасы генерал-лейтенант Ә.Ш.Шаяхметов сөзін аяқтады.

С.М.Жақыпбеков өз өмірін ел қауіпсіздігіне, мемлекеттік маңызы бар байланыс жүйесін дамытуға арнаған бірегей тұлға. Оның өмір жолы – бүгінгі және келер ұрпақ офицерлері үшін адал қызметтің, кәсібилік пен отансүйіштіктің жарқын үлгісі, елге қызмет етудің биік өлшемі. Оның сара жолы мен қалдырған ізі бүгінгі буынға бағдар, келер ұрпаққа аманат болып қала бермек.

• МЕРЕКЕ ШУАҒЫ

# Дәстүр дәріптелген думан

Көктемнің шуағымен бірге жеткен Ұлыстың ұлы күні – Наурыз мейрамы ел жүрегіне жылылық ұялататын, сан ғасырлық салт-дәстүрді жаңғыртатын ұлық мереке. Осы орайда 2026 жылдың 14 сәуірінде «Тілек» бөбекжайында «Ұлы күнде ұлағат, ел ішінде ынтымақ!» атты тағылымы терең, мазмұны бай мерекелік іс-шара өтті.



**Жамал СОВЕТҚЫЗЫ,**  
«Ortalyq Qazaqstan»

Бұл күн – тек думан мен шаттықтың ғана емес, ұлт рухын аскақтатып, жас ұрпақтың сана-сына ізгілік дәнін себетін ерекше сәт. Ұйымдастырылған шарада Наурыздың мәні мен маңызы кеңінен ашылып, оның жаңару мен жасампаздықтың, береке мен бір-

ліктің бастауы екені айқын көрініс тапты. Мерекеге Қарағанды қаласының білім бөлімі, Қарағанды ұлттық зерттеу университеті, «Болашақ» жоғары оқу орны, гуманитарлық колледж және Мағжан Жұмабаев атындағы гимназия өкілдері қатысып, ізгі тілектерін өкпелді.

Мерекенің шымылдығы ұлттық нақыштағы өнермен түріліп,

сахна төрінде әуелген ән мен мың бұралған би көрерменді бір сәтке қазақы болмыстың тереңіне жетеледі. Жас мамандар орындаған «Текемет» биі, әжелер шырқап салған «Ақтамақ» әні, бүлдіршіндердің ұлттық билері мен сахналық қойылымдары – барлығы да ұлттық рухтың көрінісіне айналды.

Іс-шараның айрықша тұсы –

әр топтың «ауыл» бейнесінде өнер көрсетуі болды. Әрбір «ауыл» қазақтың бір салт-дәстүрін сахнаға шығарып, өткен мен бүгіннің алтын көпірін жалғады. «Тоқымқағар», «Азан шақырып ат қою», «Табақ тарту», «Қонақ күту» секілді дәстүрлер көрініс арқылы жаңғырып, көрермен жүрегінен орын алды. Ұмыт бола бастаған колөнер де назардан тыс қалмады. Зергерлік бұйымдар, киіз басу, арқан есу сынды ұлттық өнер түрлері дәріптеліп, ата-бабадан қалған асыл мұраның кәдір-қасиеті жас буыңға ұғындырылды. Бұл тамыры терең тарихқа тағзым, ұрпақ санасына ұлттық кодты сіңірудің жарқын үлгісі. Мерекелік думан ұлттық ойындармен жалғасып, «Арқан тарту», «Көкпар», «Қазақша күрес» сынды ойындар алаңды нағыз қызу тартысқа айналдырды. Балалар мен ата-аналар бір сәтке болса да, уақыт керуені кері бұрып, балалар дәстүрін бірге сезінді.

Шара соңында үздік өнер көрсеткен топтар марапатталып, ата-аналардың бала тәрбиесіндегі еңбегі ерекше аталып өтті. Осындай тағылымды шаралар арқылы жас ұрпақтың бойында елге, жерге, салт-дәстүрге деген сүйіспеншілік нығая түсетіні анық.

*Сурет ұйымдастырушылардан*

# Тәрбие темірқазығы



Қоғамдағы ең өзекті мәселенің бірі – жас ұрпақтың елге, жерге деген жауапкершілігін қалыптастыру. Осы бағытта жүйелі жұмыс жүргізіп келе жатқан білім ордасының бірі – Бауыржан Момышұлы атындағы жалпы білім беретін мектеп. Мұнда әскери-патриоттық тәрбие нақты жоспар мен серіктестікке негізделген.



Аталған мектепте әскери бағыттағы сынып 2015 жылы әскери қызметтегі ата-аналардың ұсынысымен эксперименттік алаң ретінде алғаш рет ашылған. Бұл бастама жасөспірімдердің тәртібі мен жауапкершілігін арттырып қана қоймай, олардың болашаққа деген көзқарасын айқындауға бағытталды. Ұландардың алғашқы ант қабылдау салтанатына қазақтың біртуар перзенті, Халық қаһарманы, ғарышкер Токтар Әубәкіров қатысып, жас сарбаздарға елге қызмет етудің биік үлгісін көрсетті.

Бүгінде «Жас Сарбаз» сынып тәрбиеленушілері бірқатар әскери құрылымдардың тікелей қамқорлығында. Қазақстан Республикасының Қарулы күштері санатындағы №31 775 әскери бөлімі, Әуе қорғаныс күштерінің №50 185 әскери бөлімі, Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің әскери-техникалық мектебі, сондай-ақ, Әлихан Бөкейхан ауданы ардагерлер кеңесімен тығыз байланыста.

Сонымен қатар, мектеп Қарағанды ұлттық зерттеу университетінің алғашқы әскери әріптестік кафедрасымен әлеуметтік әріптестік орнатып, мейрамдұмға қол қойған. Бірлескен жұмысының арқасында адам өмірін сақтап қалуға болатынын тағы бір мәрте дәлелдеді.

Қарағанды өңіріндегі еріктілердің қызметі – қоғамдағы жанашырлық пен жауапкершілікті нығайтты. Олар табиғатты қорғаудан бастап, әлеуметтік қолдауға дейінгі түрлі бағытта аянбай еңбек етіп, елдің дамуына өзіндік үлес қосып келеді.

*Суреттерді түсірген Жангелді ӘБДИҒАЛЫМ*

2025-2026 оқу жылында мектепте «Жас Сарбаз» және «Жас құтқарушы» сыныптарына арналған арнайы кабинет-

тердің салтанатты ашылуы өтті. Материалдық-техникалық базаның нығаюы әскери даярлықты тереңдетуге, практикалық сабақтардың мазмұнын арттыруға мүмкіндік берді.

«Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасы аясында «Жас Сарбаз» сынып тәрбиеленушілері республикалық, облыстық, қалалық және аудандық деңгейдегі түрлі байқаулар мен жарыстарға белсене қатысып, жоғары нәтижелерге қол жеткізіп келеді. Онлайн форматта өткен «Айбын-2020» VI республикалық әскери-патриоттық жасар жиналысында Руслан Атаптаев I орынды иеленді. Республикалық «Жас ұлан» әскери әндер фестивалінде «Жас Бүркіт» вокалдық тобы II орынға ие болды. «Мен «Жас сарбаз» қатарына қалай келдім» атты республикалық бейнеролик байқауында Арман Мейрамбай дипломант атанды. Токтар Әубәкіровке арналған I қалалық «Батырлыққа тағзым» шығармашылық фестивалінде «Жас Сарбаз» командасы I орын иеленді.

Қалалық білім бөлімі ұйымдастырған «Әскери ұш сайыстан» XIX дәстүрлі қалалық жарыста жалпы есепте Арыстан Джиенов мен Алинұр Сансызбай жеңіске жетіп, жеке есепте үздік атанды. Облыстық «Қасым оқулары» байқауында Арман Мейрамбай ақын әндерін орындау номинациясы бойынша I орын алды. «Жас офицерлер балы – 2024» облыстық іс-шарасында Нәби Мұқаман жұбы I орын, Мансұр Мақсатұлы жұбы II орын, Нұрәли Бейбіт жұбы III орын иеленді.

Жалпы алғанда, «Жас Сарбаз» сыныптарында қалыптасқан әскери-патриоттық тәрбие жүйесі жасөспірімдердің табысты әлеуметтенуіне, ел тарихын құрметтеуге, әскери салт-дәстүрді сақтауға негізделген. Кәсіби мәнізді, білімді, жауапкершілігі жоғары, тәртіпті әрі отансүйгіш жас ұрпақты тәрбиелеу – бұл бағыттағы басты мұрат.

**Дархан ЖҰМАЖАНОВ,**  
қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі

*Сурет автордан*

# Жүрек қалауы жаққан үміт

(Соңы. Басы 1-бетте)

Бұл еріктілердің қоғамдағы әртүрлі мәселелерге бейжай қармай, жан-жақты жұмыс жүргізіп жатқанын көрсетеді, – деді облыстық жастар ресурстық орталығы директорының орынбасары Ардана Мырзанова.

Фронт-офистер еріктілерге кешенді қолдау көрсетеді. Атап айтқанда, жобаларды сүйемелдеу мен іс-шараларды үйлестіру арқылы ұйымдастырушылық көмек беріледі. Жыл сайын кемінде 4 ірі тренинг өткізіліп, 200-ден астам адам қамтылады, ал, көшпелі оқыту шаралары арқылы 3 000-ға жуық азамат білім алады. Облыс бойынша 14 фронт-офис пен 10 тегін коворкинг орталығы жұмыс істейді. Ақпараттық қолдау, медиа сүйемелдеу, Алғыс хаттар, сертификаттар мен гранттар еріктілерді ынталандырудың тиімді құралдарына айналған.



Еріктілер қозғалысында шешімін күтетін мәселелер де бар. Атап айтқанда, білікті координаторлардың жетіспеушілігі, үкіметтік емес ұйымдар санының аздығы және бір волонтердің бірнеше ұйымға тіркелуі секілді түйткілдер қозғалыстың тиімділігіне әсер етуде. Бұл мәселелерді шешу үшін оқыту жүйесін күшейту, жаңа ұйымдарды қолдау және волонтерлердің бірінші басасын қалыптастыру бағытында жұмыстар қолға алынған.

Бұл қаражаттар волонтерлік қозғалысты дамытуға, оқыту жұмыстарын ұйымдастыруға, форумдар мен акциялар өткізуге, сондай-ақ, әлеуметтік, экологиялық және білім беру жобаларын іске асыруға бағытталған. Қарағанды облысында еріктілер ең көп тартылатын бағыттың бірі –

әлеуметтік көмек көрсету. Экология, спорттық-оқиғалық іс-шаралар және нашакорлықтың алдын алу бағыттары да белсенді дамып келеді.

– Еріктілікке келуіме қоғамға пайда тигізуге деген ішкі ұмтылысым себеп болды. Университетте қоғамдық жұмыстарға араласа жүріп, мұқтаж жандарға көмектесудің маңызын түсіндім. Белсенді жастардың әрекеті де маған үлкен мотивация берді. Кішкентай істің өзі біреудің өміріне өзгеріс әкелетінін түсініп, бұл бағытта әрі қарай дамуға жігер алдым. Қазір әлеуметтік көмек және экологиялық бағыттарда жұмыс істеймін. Қайырымдылық акцияларын ұйымдастырып, осал топтарға қолдау көрсетемін, тазалық, қорғандандыру және экологиялық ағарту жұмыстарына қатысамын.

Меніңше, адал азамат – жауапкершілігі жоғары, жанашыр адам. Еріктілік осы қасиеттерді қалыптастырады. Ол қоғамдағы сенімді нығайтып, жастардың дамуына оң әсер етеді. Уақыт тапшылығы мен ресурстардың жетіспеуі сияқты қиындықтар болады. Бірақ, оларды дұрыс жоспарлау мен мотивация арқылы еңсеруге болады. Жастарға айтарым – еріктіліктен қорықпаңыздар. Шынайы ниет болса, кез келген кіші кадам үлкен өзгеріске бастайды, – деді ерікті Айым Тілеп.

Жуырда Қарағанды облысының Абай қаласында 2012 жылы туған жасөспірім жоғалғандар іздеу жұмыстарына полиция қызметкерлерімен қатар еріктілер де жұмылдырылды. Аукымды іздеу барысында мобилді топтар мен жергілікті тұрғындар

бірігіп, бірнеше сағат бойы дала аумағын тексерген. Нәтижесінде жасөспірім Абай қаласынан шамамен 15 шақырым қашықтықтағы ашық далада табылып, аман-есен жақындарына қайтарылды. Абырой болғанда, оған медициналық көмек қажет болмаған. Бұл оқиға еріктілердің жедел әрекеті мен бірлескен жұмысының арқасында адам өмірін сақтап қалуға болатынын тағы бір мәрте дәлелдеді.

Қарағанды өңіріндегі еріктілердің қызметі – қоғамдағы жанашырлық пен жауапкершілікті нығайтты. Олар табиғатты қорғаудан бастап, әлеуметтік қолдауға дейінгі түрлі бағытта аянбай еңбек етіп, елдің дамуына өзіндік үлес қосып келеді.

*Суреттерді түсірген Жангелді ӘБДИҒАЛЫМ*

• ЖОБА

# Тіл үйренуге тегін мүмкіндік

Қарағандыда мемлекеттік тілді меңгеруге ниетті ересектер үшін тегін курстардың екінші легі басталады. Быыл бұл бастама облыс орталығында 900-ден астам тұрғынды, ал, өңір бойынша 3 мыңнан астам адамды қамтып, тілдік органы кеңейтуге бағытталған ауқымды жобаға айналуда.

Облыстың тілдерді дамыту басқармасы ұйымдастырып отырған бағдарлама қазақ тілін күрделілік өмірде және кәсіби ортада еркін қолдануға үйретуді көздейді. Курстар тек теориялық біліммен шектелмей, практикалық дағдыларды қалыптастыруға басымдық береді.

Оқыту аптасына үш рет өткізіліп, үш айға созылады. Негізгі бағдарлама 72 академиялық сағатты қамтыса, оған қоса тыңдаушылар үшін 28 сағаттық сөйлеу клубтары қарастырылған. Осылайша, жалпы оқу көлемі 100

академиялық сағатқа жетеді. Сабақтар қала тұрғындарына қолайлы болу үшін бірнеше жерде ұйымдастырылады. Атап айтқанда, «Абзал» сауда үйінде, Гоголь көшесі, 34 мекенжайындағы оқу сыныбында, Оңтүстік-Шығыс ауданындағы Достық үйінде және Майқұдықтағы «Каскад» сауда үйінде өтеді. Тыңдаушылар сабақ уақытын өзіне ыңғайлы – таңертең, түсте немесе кешке таңдай алады.

Курсқа қатысушылар білім деңгейіне қарай А1-ден С1-ге дейінгі топтарға бөлінеді. Бастапқы

деңгейдегі тыңдаушылар үшін тілдің негіздері үйретілсе, жоғары деңгейлерде қазақ тілін еркін меңгеруге бағытталған тереңдетілген бағдарлама ұсынылады.

– А1 және А2 деңгейлері тілді нәзікден бастап үйренетін немесе базалық білімін жетілдіргісі келетін азаматтарға арналған. Ал В1, В2 және С1 деңгейлері қазақ тілін кәсіби және күнделікті өмірде еркін қолдануға бағытталған, – дейді тілдерді дамыту басқармасының бас маманы Ұлан Бөрібаева.

Курс соңында қатысушылар

қорытынды емтихан тапсырып, белгіленген үлгідегі сертификатқа ие болады. Бұл құжат тіл меңгеру деңгейін ресми түрде растайды.

Курстарға жазылу процесі де жеңілдетілген. Өтінімді WhatsApp арқылы немесе арнайы QR-кодпен онлайн сілтеме арқылы беруге болады. Тіркеу сәуір айы бойы жалғасып, сабақтар мамыр айында басталады.

Айта кету керек, бұл жоба жеке тыңдаушылармен қатар, ұйымдарға да мүмкіндік береді. Егер мекемеде 15 адамнан кем емес топ жасақталса, олар үшін арнайы топтық оқыту ұйымдастырылады.

**Өз тілімізден**

«Қарағанды облысының ауыл шаруашылығы және жер қатынастары басқармасы» ММ ұжымы

**Григорий Антонович СЕРЕДАНЫЧ**

орны толмас қазасына байланысты туған-туыстары мен жақындарына, әріптестері мен шәкірттеріне қайғырып қоюлы айтады.

Григорий Антонович жарты ғасырдан астам уақытын Қазақстанның аграрлық ғылымын дамытуға арнады. 1970 жылдан жас маман болып бастап селекция және бастапқы тұқым шаруашылығы бөлімінің басшысы деңгейіне дейін кәсіби қызметі Қарағанды ауыл шаруашылығы тәжірибе станциясымен тығыз байланысты болды.

Оның отандық селекцияны дамытуға қосқан үлесі өте зор: ол, жоғары өнімді және климаттық жағдайларға төзімді жаздық бидай сорттарының авторы әрі тең авторы болды, бұл сорттар бүгінгі күні де ауыл шаруашылығында кеңінен қолданылады.

Григорий Антонович тек дарынды ғалым ғана емес, сонымен қатар көптеген мамандар буынын тәрбиелеген дана ұстаз еді. Оның кәсібилігі, ісіне адалдығы және жоғары адамгершілік қасиеттері әріптестері мен шәкірттерінің терең құрметіне ие болды.


Марқұмның жарқын бейнесі, оның ғылыми еңбектерінде, жетістіктерінде және ауыл шаруашылығы ғылымына деген білімін, тәжірибесін әрі сүйіспеншілігін дарытқан жандардың жүрегіне мәңгі сақталады.

№137

## • ГРЕК-РИМ

**Магомадовтың «қола дәуірі»**

Грек-рим күресінен Қазақстан құрамасы Қырғызстан астанасы Бішкекте өткен Азия чемпионатынан бір алтын және үш қола медальмен оралды. Солардың қатарында қарағандылық балуан Ибрагим Магомадов та бар. Жерлесіміз 82 келі салмақта сынға түсіп, қола жүлдеге қол жеткізді.



**ERBOL ERBOLAT,**  
«Ortalyq Qazaqstan»

Жерлесіміз бұған дейін құрлықтық біріншілікте бесінші мәрте жүлдегер атанған. Оның еншісінде Азия чемпионатының бір алтын,

бір күміс және үш қола жүлдесі болған. Бұл жолы да дубірлі додадан құр қол қайтпай, кезекті қола жүлдені қанжығасына байлады. Шешуші белдесуде ол кытайлық балуан Жу Люмен күш сынасқан. Тартысты жекпе-жекте 5:3 есебімен

қарсыласынан басым түскен. Айтпа кетейік, ұлттық құрама сапынан ел қоржынына жалғыз алтынды 72 келіге дейінгі салмақта өнер көрсеткен Алматы

Аманбек салды. Қос қоланы Ислам Евлоев пен Нұрсұлтан Тұрсынов жеңіп алған болатын.

*Сурет облыстық дене шынықтыру және спорт басқармасынан*

## • ПАУЭРЛИФТИНГ

**Ернұрдың ерен жеңісі**

Таиландтың Бангкок қаласында парапауэрлифтингте Азия чемпионаты өтті. Дубірлі додада 23 елден 250-ге жуық спортшы қатысып, өзара мықтыны анықтады. Қазақстан құрамасы сапында өнер көрсеткен 19 жастағы қарағандылық Ернұр Жаманов Азия чемпионы атанып, өмір тарихында алғаш рет дәл осы спорт түрінен Азияның алтын алып келді.

**ERBOL ERBOLAT,**  
«Ortalyq Qazaqstan»

Ернұр Жамановтың спорттағы жетістіктері де аз емес. Мәселен, ол 2025 жылы жастар арасындағы ел чемпионатында күміс жүлдеге ие болса, биыл ересектер арасында Қазақстан чемпионы атанған. Бұдан бөлек, республикалық Паралимпиаданың да жеңімпазы. Бангкоктағы байрақты бәсекеде жерлесіміз жоғары дайындық деңгейін көрсетіп, жеңіс тұғырынан көрінді.

– Чемпионатқа дайындық барысында негізгі назарды техникаға аудардық. Өйткені, пауэрлифтингте дәл осы фактор шешуші рөл атқарады. Қарсыластар өте



мықты. Әсіресе, Озбекстан спортшысы жеке көрсеткіш бойынша жоғары салмақ көтерді. Дегенмен, үш мүмкіндіктің нәтижелері мен техникаға берілген ұпайлардың жиынтығы бойынша Ернұр I орын иеленді, – деді облыстық мүгедектер спортына мамандандырылған мектептің жаттықтырушысы Андрей Шпицер.

Спортшыны алда жауапты да маңызды жарыстар күтін тұр. Тамыз айында Ақтауда көру қабілеті бұзылған спортшылар арасында парапауэрлифтинг және пауэрлифтингте ел чемпионаты өтпек. Бұл

бәсекеде Ернұр Жаманов облыстық спорт мектебінің спортшылары Ирина Гарань, Жандос Ембергенов және Найман Жақсығоринмен бірге өнер көрсетеді. Сондай-ақ, Қарағанды облысының намысын Темірлан Жақсыбеков, Виталий Воронов және Нұрнияз Өтегенов қорғайды. Алдағы додада да жерлесіміз жоғары нәтиже көрсетіп, ел абыройын асқақтатады деген сенім мол.

*Сурет облыстық дене шынықтыру және спорт басқармасынан*

## • КЕШ

**Сезім патшалығындағы сергек сәт**

Сәуір – сезімнің айы. Табиғат түлеп, тіршілік жанарған шақта адам жаны да ерекше бір нәзік күйге бөленері хақ. Осындай шуақты мезетте өткен рухани кештердің әсері де айрықша сезілсе керек. Күні кеше Қозы Көрпеш-Баян Сұлу күніне орай «Qasym Kitap» баспасының жанынан құрылған «Ұлағат» оқырмандар клубының ұйымдастыруымен «Көктемге хат» атты поэзиялық кеш өтті.



Ис-шара «Көктемге хат» бекетіне пойыздың келіп тоқтау сәтінен басталды. Бұл сәтте көрермен бірден поэзия әлеміне енді. Кеш барысында Жанат Жаңқашұлы, Мирас Асан, Жадыра Байбұланова, Салтанат Қайырбек сынды ақындардың сезімге толы лирикалық өлеңдері оқылды. Өлеңнің негізгі тақырыптары – махаббат пен сағынышқа, көктемнің әсем лебіне негізделді.

– Біз үшін көрерменге тек әдеби ләззат сыйлау аздық етті. Біз өлеңді сезінудің жаңа тетіктерін іздедік. Сондықтан, кеш құрылымына жанды музыка мен иммерсивті театр элементтерін біріктірдік. Соның нәтижесінде әрбір қатысушы өлеңнің сыртында қалмай, оның ішкі әлеміне енді, – деді қатысушы Қуаныш Салтанатулы.

Кеш аясында алты ішекті гитарармен әсем әуендер шырқалды. Қонақтар вальс билеп, өлең мен әуеннің үндестігін паш етті. Тіпті, көпшілік арасынан суырылып шығып, өлең оқып, ән салған қонақтар да болды.

– Кештің сценарийінен бастап, безендірілуіне дейін жастардың өздері атқарып шықты. Біздің

«Ұлағатта» іс-шаралар дәстүрлі түрде қайталанып тұрады. Бүгінгі кеш көрермен көңілінен шықса, онда еңбектің ақталғаны. Поэзия кеші алдағы уақытта да жалғасып, жырсүйер қауыммен қайта қауыштыруға әзір, – деді «Ұлағат» оқырмандар клубының жетекшісі, «Qasym Kitap» баспасының редакторы Гүлдана Қуатқызы.

Кеш соңында ақын Ерманат Кеңесбекулы ақжарма тілегін арнап, әсем әнмен көпшіліктің ықыласына бөленді. Ал, жас ақындар Ералы Гани, Нұрасыл Аманжол, Алданыш Олжабай, Мақпал Көшербай сезімге толы жырларын оқып, кештің сыр-шыл сипатын айшықтай түсті. Мазмұнды іс-шараның қорытындысы да айрықша. Рухани жобаның келесі аядамасы – 19 сәуір күні өтетін «Махаббат бекеті» атты жұптық сайыс.

**Ақжігіт САҒЫНТАЙ,**  
Е.Бөкетов атындағы  
ҚарҰЗУ ІІ курс студенті

*Сурет ұйымдастырушылардан*

## • ПАНКРАТИОН

**Чемпиондар ауылдан шығады**

Қызылорда қаласында панкратионнан өткен республика чемпионатында Нұра ауданына қарасты Ахмет ауылының спортшысы Әлішер Сәбит қола жүлдегер атанды.

**ERMAK BALTASHULY,**  
«Ortalyq Qazaqstan»

Әлішер аталған бәсекеде 77 килограмдық салмақ дәрежесінде, жиырма жастан асқандар арасында сайысқа түскен еді. Белдескен қарсыластарынан басымдығын көрсетіп, жартылай финалға дейін қиналмай жеткен ол ақтық сығға бір қадам қалғанда ғана сүрінді. Сөйтіп, қола медаль-

мен қанағаттануға мәжбүр болды. Дегенмен, жас спортшының болашағы – алда. Ол келесі жарыстарда тұғырдың биік сатыларынан көрінетініне сенгіміз келеді.

**СУРЕТТЕ:** республикалық чемпионаттың қола жүлдегері Әлішер Сәбит оң жақта.



## • ФУТЗАЛ

**Жігер жеңіске жетелейді**

2004 жылы Қарағандыда есту қабілеті шектеулі жандардан құралған «Пантера» фutsal командасы құрылған. Уақыт өте келе, команда тек өмірлік деңгеймен шектелмей, ел чемпионатына қатысып, өз тарихында тұңғыш рет Қазақстан чемпионы да атанды. Содан бері ұжымның құрамы сақталып, команда тұрақтылық пен ұйымшылдықтың үлгісін көрсетіп келеді. «Пантера» ойыншылары бүгінгі күнге дейін облыстық және республикалық турнирлерде жоғары деңгейде өнер көрсетуде. Бүгінде Қарағанды облыстық футбол ассоциациясы клубқа қолдау білдіріп, команда ойыншыларына жаңа спорттық форма табыстады.



Аталған клубтың ойыншыларының бірі – Береке Мәукуенов. Бұл спортшы команданың негізгі ойыншысы болып бірден қатарға

қосылмаған. 2010 жылы өткен ел чемпионатында қосалқы құрамнан шығып, сол жылдан бастап команда сапында.

– Футбол – бала күнімнен бергі ең сүйікті спортым. Бұл спорт маған керемет эмоция сыйлап, алға ұмтылуға күш береді. Алғашқы

кездері алаңға жиі шыға алмадым. Көбіне қосалқы құрамда отырдым. Бірақ, еш мойымай, керісінше, тәжірибе жинап, өзімді дамытуға тырыстым. Одан кейін жаттығуларға белсенді қатысып, бапкердің сеніміне ие болдым. 16 жасымда негізгі құрамға қабылданып, Өскеменде өткен ел чемпионатында чемпион атандым. Бұл – менің алғашқы медалым еді. Сол сәттегі қуанышымды сөзбен жеткізе алмаймын, – деді Береке Мәукуенов.

Айтпа кетейік, «Пантера» фutsal командасы 2019-2020 жылғы футбол маусымында Қарағанды әуесқой футбол лигасында «С» тобында чемпион атанған. Одан бөлек, команданың төрт ойыншысы ұлттық құрама сапында да сәтті өнер көрсетіп жүр. Атап айтсақ, былтырғы әлем чемпионатында Ұлттық құрамамен нәтижелі ойын көрсетіп, үздік 10 құраманың қатарына енген. Бүгінде тарихы бай клубқа жан-жақты қолдау көрсетіп, демеушілік таныту – спорттағы тең мүмкіндіктер қағидатын дәріптеу деген сөз. Олай болса, өз жетістігімен өзгелерге үлгі болып жүрген қайсар да болашағы зор ұжымға қашан да қолдау бар.

**ДАРНА САМЕН,**  
Е.Бөкетов атындағы  
ҚарҰЗУ IV курс студенті

*Сурет QOFA*

**ORTALYQ QAZAQSTAN**

Қарағанды облыстық қоғамдық-саяси газет

Құрылтайшысы: облыс әкімдігі  
МЕНІШІК ИЕСІ: «Saryarqa Aqparat» ЖШС

Директор  
**Қайрат Жүнісұлы ӘБІЛДА**  
Директордың орынбасары  
**Станислав Альбертович ПЕСНЕВ**  
Директордың орынбасары  
**Галия Боранқұлқызы БАСТЕНОВА**

Бас редактор  
**Е.К. МҰСАБЕК**  
Бас редактордың орынбасары  
**Қ.А. АЙТЖАН**  
Сайт редакторы  
**А.Ө. СОВЕТ**  
Жауапты хатшы  
**С.Б. ПИЯШ**

Телефондар:  
Бас редактор: 43-38-53  
Бас редактордың орынбасары: 43-58-08  
Интернет-редакция редакторы: 43-38-33  
Жауапты хатшы: 43-49-72  
Жарнама, факс: 43-57-82, 43-21-55;

Меншікті тілшілер:  
Ақтоғай, Шет, Балқаш,  
Приозерск: 8-702-293-13-70  
Қарқаралы, Нұра,  
Осакаров: 8-702-216-73-50  
Теміртау, Саран, Шахтинск, Абая,  
Бұхар жырау: 8-775-189-33-19

• Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді.  
• Жарнамалар мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді.  
• Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.  
• Материалдың жариялану ақысы төленген

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде қайта тіркеуден өтіп, 2020 жылғы 15 желтоқсанда № KZ18VPY00030163 күнелі берілді.

Газет сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері шығады.  
Мекенжайымыз: 100009, Қарағанды қ., Әлімхан Ермеков көшесі, №33 ұй.  
**Электрондық пошта:** ortalyk.kz@gmail.com; ortalyk.kaz@mail.ru  
Жарнама бөлімі: ortalyk.reklama@mail.ru



Газет жеткізілмесе  
41-26-82, 43-57-88  
телефонына хабарласыңыздар.

«БанкЦентрКредит» АҚ ҚФ  
Есеп-шот: kz50826MOKZTD2003131,  
БИК KZJIBKZXX БИН 000840001412

Тарапмы 4 068

№40 тапсырыс. Индекс 65484  
Офсеттік басылым. Көлемі 4 баспа табақ.

Бағасы келісім бойынша  
«Типография Арко» ЖШС баспаханасында басылды.  
Қарағанды қ., Сәтбаев қ., 15.  
Газеттің компьютерлік орталығында теріліп, беттелген.  
Кезекші редактор Ерманат КЕҢЕСБЕКҰЛЫ